

11 ҚЫРКҮЙЕК,
2025 ЖЫЛ,
БЕЙСЕНБІ
№99 (23 568)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Қосымша
қуат көзінің
қазығы қағылды

2-бет



Инклюзия:
баршаға
тең мүмкіндік

6-бет



Ендігі үміт –
Аидада

8-бет



Жолдау – баяндама емес, бағдарлама

Кез келген стратегиялық бағыт атаулысы – уақыт сынынан сүрінбей өтетін, өркеніет көшінен қалыс қалмайтын мемлекеттің берік іргетасы. Осы орайда Қарағанды тек өнеркәсіп ошағы ғана емес, білім мен технологияның, парасат пен прогрестің тоғысқан ордасы екендігін естен шығармақ жоқ. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты биылғы Жолдауына арналған алқалы жиын өтті. Сабақтайық...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



► 2-бет

РЕСМИ

Зейнетақы жүйесі жаңарады

Елімізде зейнетақы жүйесін жетілдіру бағытында ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова Үкімет отырысында мәлімдеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Министрдің айтуынша, қазіргі зейнетақы жүйесінің ұзақмерзімді қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және болашақ зейнеткерлердің лайықты өмір сүру деңгейін сақтау – басты міндет. Осы мақсатта Еңбек министрінің бастамасымен арнайы жұмыс тобы құрылған.

– Сарапшылар тобының құрамына еліміздің жетекші қаржылық институттарының Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сондай-ақ, БЖЗК өкілдері тартылды, – деді Светлана Жакыпова.

Аталған жұмыс тобы қазірдің өзінде зейнетақы жүйесін реформалау бойынша түрлі халықаралық тәжірибелерді зерттеп, қазақстандық жағдайға бейімдеуді қарастыруда. Сарапшылар азаматтардың еңбек өтілі, жалақы деңгейі, инфляция, өмір сүру ұзақтығы және картаю демографиясы сынды негізгі факторларды ескеріп, нақты ұсыныстар дайындамақ.

Бұл жұмыстар биыл аяқталып, жыл соңына дейін Үкіметке толық ұсыныстар пакеті ұсынылады.

«Ақылды» технология апаттан сақтайды

«Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлы ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет», – деп атап көрсетті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты кезекті Жолдауында. Ел Президенті ерекше атап өткен бұл стратегиялық мақсат еліміздегі барлық саланы қамтыған ауқымды цифрлы трансформацияға жол ашып отыр. Десе де, цифрлы технологияларды енгізу және оны күнделікті өмірде пайдалану тұрғысынан еліміз көп елден көшілгері екені де белгілі. Бүгінгі таңда бұл үрдіс тұрмыстық газбен жабдықтау жүйесіне де сәтті енгізіліп, қарапайым халыққа айтарлықтай жеңілдіктер әкелгені сөзімізге дәлел.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Газ – игілік һәм жауапкершілік

Цифрлы технология – уақыт талабы. Газ саласындағы бұл тың бастама ыңғайлылығымен қатар, қауіпсіздік, өмір мен денсаулықтың кепілі болатыны елді қуаныттыр. Себебі, газ – қуатты, пайдалы, бірақ, аса сақтықты қажет ететін ресурс. Әсіресе, жылыту маусымы қарсаңында еліміздегі әр үйдің қауіпсіздігі басты назарда болуы керек-ақ.

Осы орайда «QazaqGaz Aimaq» компаниясы газды тұрмыста қауіпсіз әрі тиімді пайдалану жолдарын, жаңа цифрлық сервистер мен әлеуметтік қолдау тетіктерін ұсынды.

«QazaqGaz Aimaq» Қарағанды өндірістік филиалының сервис қызметі бөлімінің басшысы Бақтыбек Айнағұлов газды күнделікті өмірде қолдануда жіберілетін қарапайым қателіктердің кейде қайғылы оқиғаларға себеп екенін айтты. Мәлімдеуінше, табиғи газдың негізгі компоненті – метан. Метан ауаға қарағанда жеңіл болғандықтан, үй ішінде газ шыққан жағдайда жоғарғы қабатқа жиналады, бұл – жарылыс қаупінің негізгі факторы.



Коллаж жасаған Шыңне Адамбекова



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

– Тұрғындар газ құрылғыларын қосар алдында міндетті түрде бөлмені желдетуі тиіс. Сонымен қатар, әрқашан газды тұтатқанда алдымен сіріңке жағып, содан кейін ғана газ қранын ашу керек. Бұл – қарапайым қағида, бірақ, көбі назарға алмайды, – деп баса ескертті Бақтыбек Айнағұлов.

Одан бөлек, Бақтыбек Нұрғазыұлы газ құралдарын пайдалану барысында өртке қауіпті заттарды жақын жерде сақтамау, киім-кешек пен басқа да заттарды от көзінің үстінде кептірмеу, желдету жүйесінің жұмысын үнемі бақылау, жылына кемінде бір рет техникалық қызмет көрсетудің аса қажет екенін қатаң түрде ескертеді. Сонымен бірге, вентиляциялық арналардың төбеден кемінде 20 см төмен орналасып, ешқашан бөгде заттармен жабылмауы тиіс екендігін де алға тартты.

– «Жақында Теміртаудағы «QARMET» кәсіпорнын толық газға көшірдік. Бұрын бұл алып өндіріс ошағы мазут пен коксты қолданатын. Енді табиғи газды қолдану арқылы қала ауасына бөлінетін зиянды қалдықтардың көлемі едәуір азаяды. Мұны технологиялық жетістік деп қана емес, экологияны қорғау жолындағы жеңіс десек, артық айтқандық емес, – дейді Бақтыбек Айнағұлов.

► 4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 630.85

•USD/KZT 536.76

•RUB/KZT 6.45

•CNY/KZT 75.38

Қазақстан Ұлттық Банкінің
10 қыркүйек, 2025 жылғы дерегі бойынша

Жолдау – баяндама емес, бағдарлама

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарағанды қазынасы

Атап айтқанда, цифрандыру мен жасанды интеллектті айналымға енгізу, әлеуметтік тұрақтылықты нығайту және өзге де өзекті мәселелер көтерілді онда. Келелі кездесуге мемлекеттік органдар басшылары, депутаттар, ардагерлер, құрметті азаматтар және қоғам қайраткерлері қатысты. Қалалар мен аудандар басшылары онлайн режимінде қосылды. Маңызды мақсат – Жолдауда айқындалған міндеттерді облыс аумағында оңтайлы жүзеге асыру жолдарын талқылау.

Жиын барысында сөз алған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Президенттің «Бүгінгі дәуірдегі біздің басты байлығымыз – мұнай емес, білім мен интеллект» деген сөзін негізге ала отырып, Қарағандының ежелден білікті кадрларымен, мықты білім беру әлеуетімен танылғанын тілге тиек етті. Өңір басшысы: «Ғылымға, өнеркәсіпке, медицинаға өлшеусіз үлес қосқан мамандарды даярлаған өңір бүгін, заман талабына сай, алгоритммен, жасанды интеллектпен жұмыс істейтін кадрлар тәрбиелеуі керек», – деп баса белгілеп айтты. Мұнымен бірге, аймақ басшысы «Қарағанды өңірі болашақ Қазақстанның зертханасына айналуы тиіс. Мұнда дәстүрлі өндіріс пен жаңа технология, ауыр өнеркәсіп пен жасанды интеллект тоғысуы қажет. Сонда ғана біздің белсенділігіміз бен бастамашылдығымыз тек өңірдің ғана емес, тұтас елдің даму қарқынына әсер етеді», – деп атап өтті.

Басқосу барысында облыс әкімінің бірінші орынбасары Азамат Тайжанов тұрғын үй-коммуналдық және көлік инфрақұрылымын кешенді жаңғырту мәселелері бойынша сөз сөйледі. Ол заманауи технологиялар мен цифрлық шешімдерді енгізу аталған сала жұмысын жандандыруға мүмкіндік беретінін алға тартты. Ал, инвестиция, туризм, кәсіпкерлік және өңдеу өнеркәсібіне қатысты өңірде атқарылып жатқан жұмыс барысын облыс әкімінің әлеуметтік-экономикалық даму бағытына жауапты орынбасары Ермек Алпысов баяндады.

Оның айтуынша, қазіргі таңда облыста 120 инвестициялық жоба қолға алынған. Соның арқасында 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Жиынға қатысқан сарапшылардың айтуынша, бұл аймақ дамуына жаңа серпін береді.

Демек, орталық облыс еліміздің экономикалық алға басыуында көшбасшы өңірлердің бірі екенін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр. Бүгінде біз өңдеу өнеркәсібіне инвестиция тарта отырып, экономиканы жүйелі түрде



жаңғыртып келеміз. Бұл бағыттағы жұмыстар нақты нәтижесін беруде. Мәселен, былтыр өңірде экономикалық өсім 8,8%-ды құрады. Ал, биылғы жеті айдың қорытындысы бұдан да жоғары. Бұл – бүкіл республика бойынша жоғары көрсеткіштердің бірі. Сонымен қатар, экономикаға құйылған инвестиция көлемі жыл басынан бері 10%-ға артқан. Сандар – нақты жұмыстың айғағы. Өткен жылдың өзінде өңірде 30-дан астам жаңа өндіріс іске қосылды. Қарағандының инвестициялық тартымдылығын арттыруда «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының да орны ерекше. Елдегі ең ірі арнайы экономикалық аймақ шетелдік және отандық инвесторларға тиімді экожүйе ұсынуда. Мұнда бизнес үшін барлық жағдай жасалған. Инфрақұрылым, салықтық жеңілдіктер, қолдау тетіктері барлығы инвесторлардың мүддесіне сай. Инвестиция тарту, инновацияны енгізу және адами капиталды дамыту тегінде экономикалық көрсеткіштерді жақсартып қана қоймай, өңір тұрғындары үшін жаңа мүмкіндіктер мен ұзақ мерзімді өсімге жол ашады.

Ұлттық серпілістің эпицентрі

Мемлекет басшысы жаһандық тұрақсыздық пен ресурстар үшін күрес күшейіп отырған бүгінгі сындарлы кезеңде еліміздің әрекеті салмақты, ал, ұстанымы жауапты болуға тиіс екенін қадап айтты. Бұл – жай мәлімдеме емес, бұл – нақты іс-қимылға шақыру. Ел алдында тұрған басты міндет – сыртқы сын-қатерлерге жауап ретінде ішкі бірлікті нығайтып, жасампаз еңбекке сүйене отырып, барлық реформаларды сапалы әрі жүйелі түрде жүзеге асы-



ру. Осы жауапты миссияны алға апаруда Қарағанды облысының ролі айрықша. Елдің индустриялық жүрегі саналатын өңір енді реформалар алаңына, жаңғыру жобаларының алдыңғы шебіне айналуы тиіс. Қарағандыда бұған қажетті барлық алғышарттар бар. Яғни, қуатты өндірістік база, жоғары білікті адами капитал, аграрлық әлеует өңірдің мүмкіндігін еселей түседі.

Ендігі міндет – осы әлеуетті толық іске қосу. Дәстүрлі өндіріс пен озық технологиялар, ауыр өнеркәсіп пен жасанды интеллект өзара тоғысып, жаңа даму формуласы түзілуі тиіс. Мұндай ауқымды өзгерістер тек орталықтың емес, бүкіл елдің қарқынын арттырады. Ұлттық деңгейдегі серпілістің бастауы дейміз мұны бір сөзбен. Ал, соны серпілістің эпицентрі дәл осы Қарағанды болуы қажет. Өйткені, мұнда тек зауыт қазандықтары емес, жаңа идеялар қайнап жатыр. Ендеше, ілгері қадам басатын, бастамашыл, жанашыл Қарағанды – бүкіл Қазақстанға үлгі болуы тиіс!

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жолдары жөнінде облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебеков баяндады. Атап айтқанда, агрохаб құру, ветеринариялық қызметті жетілдіру, өңірдің цифрлық картасын енгізу және су ресурстарын сақтау шаралары кеңінен талқыланды. Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильинский «Digital Qazaqstan» ұлттық стратегиясы аясында атқарылып жатқан жұмыспен таныстырды. Сондай-ақ, алдағы 5 жылда «Qagmet» акциоларлық қоғамына тиесілі өндірісті жаңғырту, жаңа технологияларды енгізу және компанияның инвестициялық жобаларын іске асыруға байланысты жоспарымен бөлісті. Кәсіпорынның тұрақты даму жөніндегі басқарушы директоры – Ербол Исмаиловтың айтуынша, межелі мақсатқа 1,6 трлн тенге бөлінеді.

Қазіргі заман – жылдам шешімдер мен батыл бастамалардың уақыты. Мемлекет басшы-

сы атап көрсеткендей, цифрлық трансформация – тек технологиялық жетістік емес, жаңа даму философиясы. Бірақ сындарлы жолда мықты инфрақұрылымсыз алға басу мүмкін емес. Сондықтан, Қарағанды облысы тұрғын үй-коммуналдық және көлік инфрақұрылымын кешенді жаңғыртуды басым бағыт ретінде айқындады. Ол дегеніміз, жай ғана жол салу немесе құбыр тарту емес. «Ақылды қала» технологияларын енгізу, инфрақұрылымды басқарудың цифрлық платформалары, заманауи көлік жүйелері, жасанды интеллектпен интеграцияланған орта қалыптастыру. Жасанды интеллект дәуірі – қауіп

бәсекеге қабілетті ойыншы болуға дайын екенін айқын аңғартып отыр.

Қарағанды облысында жол инфрақұрылымы кең ауқымда жаңартылып жатыр – республикалық трассалардан бастап, қала мен ауыл жолдарына дейін. Бұл – тек жол ғана емес, елдімекендердің қолжетімділігі, инвестиция мен бизнестің еркін қозғалысы, тұрғындардың өмір сапасын арттыру.

Қоршаған ортаны қорғау, суды үнемдеу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелерін шешу жолдарын облыстық Қоғамдық кеңестің төрағасы Серікжан Байбосынов ұсынды. Баяндамашы «Таза Қазақстан» республикалық жобасының маңыздылығына айрықша тоқтап өтті.

Қарағандының болашағы – тек өндірісте ғана емес. Ең бастысы – табиғатты аялап, ресурстарды ұқыпты пайдалану. Бұл – келешек ұрпақ алдындағы қасиетті борыш. Болашақта Қарағандыны жай ғана индустриялық орталық ретінде емес, экологиясы таза, ауыл шаруашылығы дамыған, заманауи инфрақұрылымы бар, халқы жайлы өмір сүретін аймақ ретінде елестетуіміз керек.

Жауапты аймақ – жаңғырған Қазақстан

Отырыс соңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев: «Тұрақты даму – бұл тек экономика мен экология ғана емес, сонымен бірге, мызғымас құқықтық негіз. Мықты мемлекеттің іргетасы – әділетке негізделген заң, парасатты билік және жауапкершілігі жоғары азаматтар. Осының бәрінің түпқазығы – Заң және тәртіп. Олай болса, Президент белгілеген стратегиялық бағыттар бойынша жұмысымызды жүйелеп, нақты қадамдарға көшейік», – деп ойын түйіндеді.

Аймақта қолға алынған инвестициялық жобалар, цифрлық жаңғыру, агроөнеркәсіп пен инфрақұрылымды дамыту барлығы да елдің әл-ауқатын арттырып, жаңа дәуір талаптарына сай болуға бағытталған. Ендігі міндет – басталған істі жүйелі жалғастырып, әрбір салада нақты нәтижеге қол жеткізу. Себебі, тұрақты даму экономикалық өсім ғана емес, әділет үстемдік құрған қоғам, саналы ұрпақ және ортақ жауапкершілікке негізделген азаматтық ұстаным. Ал, мұндай биік мұратқа ұмтылған елдің келешегі кемел болары анық. Мемлекет басшысының халыққа Жолдауы – басалқы бағдар, нақты әрекетке үндейтін, баршамызды ұйыстыратын, болашаққа нық сеніммен қарауға шақыратын үндеу. Өңір алғы күнге дайын.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ВИЦЕ-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Қосымша қуат көзінің қазығы қағылды

Қарағанды қаласының тынысы күннен-күнге кеңейіп келеді. Жаңа тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар, өндіріс ошақтары бой көтеріп, өңірдің бет-бейнесі өзгеруде. Бірақ, даму бар жерде – энергияға сұраныс артады. Қалаға жаңа қуат көзі аядай қажет еді. Енді, міне, маңызды қадам жасалды: ЖЭО-3 базасында жаңа энергия блогының құрылысы ресми түрде бастау алды. Энергоблоктың іске қосылуы Қарағандыны қосымша 140 мегаватт электр энергиясымен және сағатына 180 гигакалория жылумен қамтамасыз етеді. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрылыстың басталуы уақыт қапсуласын салумен белгіленді. Салтанатты рәсімге облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министрі Сұңғат Есімханов, Еуразиялық даму банкінің басқарма төрағасының орынбасары Руслан Даленов, «Қазақстандық коммуналдық жүйелер» ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы Дінмұхамед Ыдырысов пен компанияның бас директоры Сабырғали Ыдырысов, сондай-ақ, «Қарағанды Энергоорталығы» кәсіпорнының басшылығы қатысты.

Шара барысында: – Бұл оқиға тек біздің қаламыз үшін ғана емес, бүкіл облыс үшін ерекше маңызға ие. Алдымыздағы жоба

– тұрақтылықтың, өнеркәсіп үшін жаңа мүмкіндіктердің, бизнес үшін сенімділіктің және тұрғындар үшін жайлылықтың кепілі. Жаңа жұмыс орындары ашылады, инженерлік мектеп дамиды. Бастысы – бұл бастама облыстың ғана емес, тұтас елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтады, – деді өңір басшысы.

Жобаның құны 134,6 миллиард теңге. Құрылыстың толық аяқталуы 2028 жылға жоспарланған. Оның аясында жаңа қазандық агрегатты мен турбогенератор салынып, 400-ден астам жаңа көпқабатты үй мен әлеуметтік нысандарды жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Қазақстандық коммуналдық жүйелер» компаниясы бақылау кеңесінің төрағасы Дінмұхамед Ыдырысов жобаның әлеуметтік-экономикалық мәнін



ерекше атап өтті.

– Энергетика саласы нақты қадамдарды, инвестиция мен сенімділікті талап етеді. Жаңа энергоблоқтың іске қосылуы 400-ден астам тұрғын үй мен әлеуметтік нысандарды жылумен қамтып қана қоймай, 55 жаңа жұ-

мыс орнын ашады. Бұл – өңірдің экономикалық жандануына үлкен үлес қосады, – деді ол.

Вице-министр Сұңғат Есімханов министрлік атынан жаңа энергоблоқтың құрылысының басталуымен құттықтап, оның маңызына тоқталды.

– Мұндай ірі жобалар қажет. Олар тек Қарағандыға ғана емес, Қазақстанның тұтас энергетикалық жүйесіне оң ықпал етеді. Біз осындай бастамаларды әрдайым қолдауға дайынбыз, – деді ол.

Жоба Еуразиялық даму банкімен стратегиялық серікте-

стік аясында жүзеге асырылуда.

– Еуразиялық даму банкі халықаралық ұйым ретінде Қазақстандағы ірі инфрақұрылымдық жобаларды қолдауға әрдайым басымдық береді. Соңғы төрт жылда Банктің еліміздегі инвестициялық портфелі 5 млрд АҚШ долларына жетті. Энергетика – біздің басты бағытымыздың бірі. Қарағанды ЖЭО-3-тің қуат өндіру мүмкіндігін кеңейту – мемлекеттік құрылымдар, бизнес және халықаралық қаржы институттарының тиімді серіктестігінің жарқын үлгісі. Бұл жоба өңірдің энергетикалық қауіпсіздігі мен тұрақты дамуы үшін сенімді негіз қалайды, – деді ол.

Қарағандыдағы ЖЭО-3 энергоблогының құрылысы тек энергетикалық жоба емес. Бұл – өңірдің өркендеуіне, халықтың тұрмыс сапасының артуына, болашақ ұрпақтың игілігіне арналған тың қадам. Жаңа қуат көзінің іске қосылуы қаланың кеңеюі мен даму қарқынын қамтамасыз етіп қана қоймай, Қарағандыны елдің басты индустриялық орталығы ретінде одан әрі нығайта түспек.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қордан — қомақты қолдау

2022 жылдан бері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры еліміздегі білім беру, медицина саласының заман талабына сай дамуына, әлеуметтік-экономикалық бағыттың өркендеуіне сүбелі үлес қосып келеді. Осы уақыт аралығында Қарағанды облысында жалпы құны 23,9 миллиард теңге қаражатты құрайтын 33 жоба қор есебінен жүзеге асты. Бастамалар білім беру, денсаулық сақтау, спорт және әлеуметтік қолдау салаларын қамтиды. Қазір көмірлі өңір қоғамдық қор іске асырған жобалардың игілігін көріп отыр. Осыған орай, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының өкілдері Қарағанды облысына арнайы іссапарымен келіп, Қарағанды, Теміртау, Саран қалаларында жүзеге асқан игі жобаларды жұртшылыққа таныстыру мақсатында БАҚ өкілдері үшін екі күнге созылған баспасөз турын өткізді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Инновациялық кабинет — шәкірт игілігіне

Білім беру саласы — бүтін бір мемлекетті қалыптастырудағы маңызды бағыттарының бірі. Бұл тұрғыда салаға ерекше басымдық берілген. Бүгінгі таңда қор қолдауымен осы бағытта 7,7 млрд теңгені құрайтын 9 жоба жүзеге асырылуда.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Білім, мәдениет және спорт саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығының аға жобалық менеджері Зауре Байменованың айтуынша, Теміртау қаласының өзінде жалпы құны 4,7 млрд теңгені құрайтын 15 қайырымдылық жоба жүзеге асқан.

Аталған маңызды жобалардың бірі — «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін Қарағанды, Саран, Шахтинск, Теміртау қалаларындағы, сондай-ақ Абай және Қарқаралы аудандарындағы мектептерге енгізу. Осылайша бұл бағдарлама 86 мектепті қамтып отыр. Халықаралық қоғамдық «Білім-инновация» қоры серіктес ұйым ретінде таңдалған.

Жоба аясында Теміртаудағы №1 гимназияның физика, химия және биология кабинеттері заманауи зертханалық және дидактикалық құрал-жабдықтармен қамтылды. Мұғалімдер біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, жаңа құрылғылармен жұмыс істеу үшін тәлімгерлік қолдау көрсетілген.

— Білім беру саласындағы барлық бастаманы біз озық инновациялық ұйымдармен бірлесе жүзеге асырамыз. Қоғамдық қор есебінен кабинеттерді жабдықтап қана қоймай, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға да көңіл бөлінді. Бұл жобадары серіктестердің бірі — Қарағанды облысының әкімдігі. Әкімдік жабдықтарды жеткізу басталғанға дейін кабинеттерді жөндеуді қамтамасыз етті. Ал «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мектептерге жалпы құны 2,9 млрд теңге болатын физика, химия және биология кабинеттеріне жаңа жабдық сатып алып берді. Біз үшін мұндай жобалардың тұрақты болуы өте маңызды, — деді қор өкілі Зауре Ануарбекқызы.

Теміртау қаласындағы №1 гимназияның директоры Татьяна Хотенова металлургия саласына техник мамандары, әсіресе, инженерлер мен зерттеушілер аса қажет екенін атап өтті.

— Бұл тұрғыда педагогтердің негізгі міндеті — оқыту процесін зерттеушілік бағытта тиімді ұйымдастыру, сол арқылы оқушылардың болашақ мамандығын таңдауға бағыт-бағдар беру. Біздің балалар мектепті тәмамдаған кез-

де өңір игілігі үшін болашақта таңдайтын техникалық бағыттар мен техникалық мамандықтарын айқындай алуы қажет. Қоғамдық қордың мектепке жасап жатқан көмегі — еліміздің өнеркәсіптік және экономикалық болашағына жасалған сәтті инвестиция деп есептеймін. Жаңа жабдықтармен, құрылғылармен оқушылар цифрлық технологияларды меңгеруде. Соның арқасында сабақтар қызықты әрі нәтижелі бола түсті, — деді мектеп директоры Татьяна Александровна.

Мектептегі физика кабинетінде оқушылар сабақ үстінде заманауи жабдықтармен зертханалық жұмыс жасауда. Пән мұғалімі Алексей Прутьконың айтуынша, «Қазақстан халқына» қоры алып берген құрылғылармен жұмыс істеу — оқушыларға тапсырма орындауды әлдеқайда жеңілдетіп, жеделдеткен көрінеді.

— Бүгін біз бұл шамды тәжірибелік жолмен зерттеп жатырмыз. Осы функцияларды жинақтап, ток күші графигін құрастыруымыз керек. «Қазақстан халқына» қорының арқасында бізде енді датчик бар, сондықтан мұны бірнеше тәсілмен орындауға болады. Физика кабинеті едәуір жаңарды. Бізде цифрлық тақта пайда болды. Осы бағдарлама арқылы орнатылған барлық датчиктердің деректерін оқи аламыз. Бұл зертханалық жұмыстарды орындауды айтарлықтай жеңілдетті. Амперметр мен вольтметрдің көрсеткіштерін әп-сәтте жазып ала аламыз. Бұрын орындау мүмкін болмаған зертханалық жұмыстарды қазір оңай жасауға болады. Мұндай құрылғылармен жұмыс істеу оқушылар үшін өте қызық, — деді физика пәнінің мұғалімі Алексей Сергеевич.

№1 гимназияның физика, химия, биология кабинеттеріне ыңғайлы әрі оқушылар үшін арнайы ойластырылған заманауи мектеп жиһазы, сенсорлы интерактивті тақталар және әлемдік деңгейдегі PASCO цифрлық датчиктері әкелінген. Мұндай жабдықтар көмегімен білім беру сапасы жақсарады. Ал оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын ашады. Осы өзгерістердің арқасында оқушылар мен мұғалімдер айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуде. Ал мектептегі өтіп жатқан күнделікті сабақтар бұрынғыдан да қызық бола түсіпті.

— Біздің оқушылар жоғары білім жолына түскенде бәсекеге қабілетті болады. Өйткені сабақ барысында қажетті білімді заманауи жаңа технологиялар көмегімен меңгеруде. Біз сондықтан болашақ мықты мамандарды осы мектеп қабырғасынан-ақ дайындап жатырмыз. Жаратылыстану-математика бағытындағы пән



мұғалімдерінің сабақ жоспары қазіргі уақытта толығымен жүзеге асып жатыр. Бұл жабдықтардың құндылығы жоғары және ол балаларға көптеген артықшылықтар береді, — деді химия пәнінің мұғалімі Ирина Юрьевна.

11-сынып оқушысы Астамбек Мағауия химия пәнінің мұғалімі мамандығын таңдап отыр. — Заманауи құрылғылармен жұмыс істеу барысында біз түрлі зерттеулер жүргіземіз. Өзіміз жасап жатқан химиялық реакциялардың әрекеттесу нәтижесін арнайы құрылғы көмегімен бірден интерактивті тақтадан көре аламыз. Сабақ қызықты өтеді. Осы ғылыммен болашағымыз байланыстырғым келеді, — деді оқушы.

Ерекше балаларға — ерекше қамқорлық

Білім беру жобаларының тағы бір маңызды бағыты — ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау. Бұл жобаға Қарағанды облысындағы он арнайы мектеп қамтылыпты. Мысалы, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының есебінен Теміртау қаласындағы №5 мектеп-интернатында футбол, волейбол, баскетбол алаңдары, воркаут аймағы және жаттығу құралдары бар заманауи спорт инфрақұрылымы салынды. — Ерекше балаларға ерекше қамқорлық танытып, көмек бергені үшін қоғамдық қорға алғысымыз шексіз. Біздің мектепте Теміртаудың ғана емес, Қарағанды қаласы мен Бұқар жырау ауданынан да балалар келіп оқиды. Жаңа спорт алаңдары олардың оқу процесіне үлкен серпін берді, — деді мектеп-интернат директоры Динара Смаилова.

Мұнда 140 бала білім алады. Олардың ішінде сөйлеу қабілетінің ауыр бұзылыстары мен жеңіл деңгейдегі ақыл-ой кемістігі бар балалар оқиды.

«Қазақстан халқына» қорының қолдауымен психолог кабинеті, сенсорлық және логопед бөлмелері ашылып, заманауи түзету жабдықтары орнатылған. Сондай-ақ, бастауыш сыныптарға арналған жаратылыстану пәндері бойынша шағын зертханалар сатып алынды. Бұның бәрі оқу сапасын арттырып, балалардың ынтасын ашыпты.

Дефектолог-мұғалім Оксана Малахованың айтуынша, таза ауада спортпен шұғылдану ерекше балалардың қимыл-қозғалысынан бөлек, зейіні мен көңіл күйіне оң

әсер етеді. Воркаут, яғни таза ауада жаттығу — балалардың қорекциялық сабақтар орындауына мүмкіндік туды. Қимыл-қозғалыс тәрбиеленушілердің өмір сапасын жақсартуға, даму қабілетін ашуға, өз мүмкіндіктерін тануға ықпал етуде.

Логопед кабинетіне балалар үшін ойынға құрылған интерактивті үстел сатып алынған. Мұнда арнайы бағдарламалар арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамытып, ойын арқылы оқытады. Логопед Виктория Рябова балалардың сабақ үстінде тапсырмаларды сондай қызығушылықпен орындайтынын айтты.

Теміртаудағы «Технопарк» жаңарды

Қоғамдық қор балалардың қосымша білім беру ұйымдарында техникалық және шығармашылық әлеуетін дамытуға ерекше мән беруде. Айталық, қор Теміртаудағы «Балалар технопаркі» техника-

қана емес, халықаралық жарыстарда да жеңімпаз атанған.

Техникалық-шығармашылық мектебінде балаларға кеме үлгілеуді үйрететін қосымша білім беру педагогі Сергей Окочеников те осы мектептің түлегі әрі бұл спорт түрінен әлем чемпионы.

— Жабдықтар жылдар бойы жанартылмаған еді. Керек жабдықтарды өзім сатып алатынымын. Енді балалар заманауи құралдармен жұмыс істеп, сапалысын пайдаланатын болды. Ерекше мақтанышымыз — кеме сынауға арналған жабық бассейні. Мұнда ең жас спортшыларға да ыңғайлы әрі кемелерді сынақтан өткізуді тек жылы мезгілде ғана емес, жыл бойы жасауға мүмкіндік береді, — деді педагог Сергей Окочеников.

Саранның сапалы мектебі

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры ауылдық жерлердегі тірек мектептерді дамыту бағдар-




дылығын дәріптейтін бұйымдарды тігіміз. Оқушылар байқауларда өздері тіккен ұлттық киімдерді киеді. Сонымен қоса, кесте тігуді үйретеміз. Осындай мүмкіндік сыйлаған қоғамдық қорға ризашылығымыз жоғары. Балалардың шығармашылықпен айналысуына кең өріс ашты, — деді Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Жайнагүл Мухархан.

Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі «тірек мектебі» болып саналады, яғни оған үш магнитті мектеп бекітілген. Мұндай өзара әрекеттесу балаларға қазіргі заман талабына сай білім алуға мүмкіндік береді. Ал жоба өз кезегінде кешенді екенін және мектеп кабинеттерін заманауи жабдықтауға бағытталғанын Зауре Байменова атап өтті.

— Білім беру саласындағы қазіргі маңызды мәселелерге алдын ала талдау жасадық. Нәтижесінде ауылдық жерлердегі білім беру саласына басымдық берілді. Төрт жыл ішінде Қазақстанның барлық аудан орталықтарын, моно- және шағын қалалардағы білім ошақтарын қамтыдық, — деп нақтылады Зауре Ануарбекқызы.

Мектеп директоры Гүлден Серікова бұрын жабдықтардың жетіспеушілігі, әсіресе зертханалық және тәжірибелік жұмыстар үшін құрал-жабдықтардың тапшылығы байқалғанын атап өтті. 2023 жылдан бастап жаңа аппараттар алынғаннан кейін, білім сапасы 10-12%-ға артты, ал оқушылар қалалық, облыстық және республикалық байқауларда топ жарып, жеңімпаз атана бастады.

— Бастауыш сыныптарда



лық-шығармашылық мектебін жаңғыртып, бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан 10 үйірмені қайта жаңартты. Олардың қатарында Кеме үлгілеу спорты клубы, Автомодельдеу клубы және «Жасыл мектеп» бар.

Сондай-ақ, төрт бірдей жаңа бағыт ашылды: телестудия, кеме үлгілеу спорты зертханасы, жасанды интеллект және робототехника негіздері, ақпараттық және VR-технология зертханалары.

Мұндағы 240-тан астам бала 3D-модельдеу мен бағдарламалаудан бастап, робототехника және кеме үлгілеу спортымен айналысуға мүмкіндік алды.

— Бұрын мұғалімдер 80-ші жылдардағы ескі жабдықтармен жұмыс істесе де, дәл осы жерде халықаралық байқаулардың жеңімпаздары шықты. Біз осы бастамаларды қолдауды жөн көрдік. Сондықтан, Теміртаудағы балалар технопаркін жаңғырту жобасы ел бойынша пилоттық жобаға айналды. Бұл қазірдің өзінде оң шешім болғанын көріп отырмыз және алдағы уақытта тәжірибені басқа ұйымдарға да енгізуді жоспарлап отырмыз, — деп атап өтті қор өкілі Зауре Байменова.

Кеме үлгілеу үйірмесі — технопарктің мақтанышы саналады. Өйткені ол өңірге белгілі көптеген чемпиондарды тәрбиелеп шығарды. Оқушылары республикалық

ламасы аясында Саран қаласындағы Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің материалдық-техникалық базасы да толығымен жаңартты. 2023 жылы 250 миллион теңгеге аталған мектеп жабдықпен толықтай қамтылды.

— Жалпы, бізде 22 оқу кабинеті бар. Олардың барлығы заманауи жабдықтармен, жиһазбен және дидактикалық материалдармен толық қамтамасыз етілді. STEM-зертхана, робототехника кабинеті, телестудия мен арт-студия ашылды. Сондай-ақ акт залы мен спорт залы, еңбекке баулу, психолог және логопед кабинеттері қайта жабдықталды. Жаңа жабдық келгеннен кейін білім сапасы да артты. Оқушылар байқауларда топ жара бастады, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызыға бастады, — дейді мектеп директоры Гүлден Серікова.

Бұл қатарда акт залы мен спорт залы, ұлдар мен қыздарға арналған технология кабинеттері, психологиялық және логопедиялық қолдау кабинеттері де бар.

— Қыздар технология кабинетіне жаңа 16 тігін машинасы келді. Оқушылар осы заманауи құрал-жабдықтармен өте жақсы жұмыс істеп жатыр, қызығушылықтары жоғары. Оқушылардың алды дизайнер мамандығына оқуға түсті. Қазақтың ұлттық құн-

жағдай жақсарып, оқушылар үшін ыңғайлы оқу орындары, қосымша білім беру секциялары құрылды. Мұнда балалар сабақтан тыс уақытта шахмат үйірмесі, телестудия, шығармашылық кеңістігінде түрлі іс-шараларға қатыса алады. Сонымен қатар, біз Назарбаев Зияткерлік мектебі химия-биологиялық бағытымен тығыз ынтымақтастық орнаттық. Педагогтер осында келіп, НЗМ тәжірибесімен бөліседі, — деді Гүлден Серікова.

Саран қаласындағы Абай атындағы мектепте заманауи кабинеттермен қатар, бастауыш сыныптар, музыка, еңбек, физика, информатика, география, тарих, биология және басқа пән кабинеттері бар. Мектеп фойесінде электронды ақпараттық тақта орнатылған. Мұнда оқушылар мен ата-аналар сабақ кестесі, мектеп жаңалықтары, мұғалімдер туралы мәліметтер, асхана мәзірі және басқа да қызықты ақпараттармен таныса алады.

Спорт залы мектеп жанындағы бөлек ғимаратта орналасқан. Оның екінші қабатында оқушылар шығармашылықпен айналысатын үйірме, студиялар ашылған. Болашақта мектеп пен осы ғимарат арасында жылы өтпелі дәліз орнатылмақ.

Суреттерді түсірген Жәңгірді ӘБДІҒАЛЫМ



• ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Тың мүмкіндіктердің тыңғылықты бағдары

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауын залда отырып тыңдау мүмкіндігіне ие болдым. Әсері бөлек болады екен. Сонда да, Президент Жолдауының маңыздылығы менің залда отырганыма емес, көтерген жүгінің салмағы мен алдағы күндердің күн тәртібіне шығатын мәселелердің өзектілігінде екенін сезінуіміз керек.

Елімізде соңғы жылдары жүргізілген саяси реформалардың оң нәтижелеріне салмақты баға бере отырып ой сабақтаған Мемлекет басшысы кейбір мәселелерге көңілі толмайтынын ашық айтып, көптеген жағдайларға қатысты сыни пікірін де іркіп қалған жоқ. Шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету ауқымы артып, негізгі тетіктері барынша жетілдірілгеніне қарамастан, осы салалардағы өнім көлемінің ел экономикасындағы үлесі мардымсыз екенін өткір сынаған Қасым-Жомарт Кемелұлы:

– Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 40 пайызға, ал жұмыспен қамту ісіндегі үлесі 50 пайызға жуықтады. Бұл – жаман көрсеткіш емес. Бірақ осы саланы жүйелі түрде жетілдіре түспесе, экономиканы дамыту және тұрмыс сапасын жақсартуға тың серпін бере алмаймыз. Екі миллионнан астам шағын бизнес субъектісінің ішінде өнім өндіретін кәсіпкерлер саны 6%-ға да жетпейтіні жасырын емес. Орта бизнесте бұл көрсеткіш жоғарырақ болғанымен, бәрібір көңіл көншітпейді, – деді.

Сондай-ақ, Президент ел Үкіметі мен жергілікті әкімдердің кемінде 15 жылдан бері масылдық психологияға байланғандар мен әлеуметтік алаяқтардың «қолдаушысы» болып келе жатқанына қынжылыс білдірді.

– Мемлекеттің көз алдындағыдан басқаны көрмей, бәрине көне беретін әлеуметтік саясаты жүзден астам түрлі жеңілдіктің пайда болуына әкеп соқтырды. Осы жеңілдіктерді әперемін деп «көмек қолын» созатын жылпостар да көбейді. Біз әлі күнге дейін бұрынғы КСРО аумағындағы және одан тыс басқа да аймақтардағы қақтығыстарға қатысқан азаматтарға арнайы төлемдер жасап, медициналық қызмет көрсетіп келеміз. КСРО-ның ыды-



Қолжазба жасаған Айбек Рахымжан

рағанына 35 жыл болса да, ардагерлеріміз барған сайын «жасарып», көбейіп барады. Мемлекет өзінің негізгі міндеттерін орындаудан бас тартпайды. Бірақ әлеуметтік жеңілдіктерді қолдан көбейту – елді дамытуға, яғни мектеп, аурухана, көлік инфрақұрылымдарын және басқа да нысандар салуға жұмсалуды қажет қыруар қаражатты желге шашу деген сөз, – деді. Шынымен-ақ, ойланатын мәселе...

Сонымен қатар, жасанды интеллект дәуірінің тың талаптарына тыңғылықты дайындық қажеттігін тілге тиек еткен Мемлекет басшысы ел алдына «алдағы үш жылда Қазақстан міндетті түрде жаппай цифрлық елге айналу қажет» деген стратегиялық мақсат қойды. Ол үшін тездетіп «Цифрлық Кодекс» қабылдауымыз қажеттігіне баса көңіл аударды.

Тұрмыс-тіршілігін тылсым әлем тұңғығынан тамырландырып, әдет-ғұрып, дағдыларын даналықпен ұштастыра білген қазақ халқы үшін «жеті» саны киелі саналады. Еліміздің негізгі даму бағыттарын қамтыған Президент Жолдауындағы басым міндеттердің жеті бағытқа жіктелуінде де тарихи мән жатқан секілді. Әрине, тізбелей берсек, басым бағыттар саны жетіден асып кетері даусыз. Соған қарамастан, бүгінгі әлемді әбігерге салған геосаяси сын-қатерлер дәуірінде Қазақстан үшін кезек күттірмейтін міндеттер ретінде жеті маңызды бағыт таңдалған. Барлығы

да – өте маңызды міндеттер.

Биылғы Жолдаудың басты жаңалығы – қос палаталы Парламенттік жүйеден бір палаталы Парламентке көшу реформасы туралы бастама. Кез келген өзгеріс, келелі реформаны халықтың ой-талабы, ұсыныс-пікірінсіз қабылдауға болмайтынын жиі айтатын ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл мәселені де халық талқысына қалдыруды ұйғарды. Яғни, бастама бір жыл егжей-тегжейлі талқыланып, 2027 жылы Жалпыхалықтық Референдумға шығарылады.

Ел экономикасының инвестициялық ахуалын оңтайландыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту, көлік-логистика саласын өркендету, жер мен су ресурстарын тиімді пайдалану секілді өте өзекті мәселелер бойынша Үкімет пен жергілікті атқарушы билік органдарына нақты тапсырмалар жүктелді.

Әсіресе, жер телімдерін мақсатты әрі тиімді пайдалану мәселесіне қатысты қарапайым халықтың асыл мұратымен ағасқан Президент ойлары мені ерекше сезімге бөледі.

Мемлекет басшысының:

– Мен игерілмей бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін кері қайтарып, оны қайта бөлу туралы тапсырма бердім. Жер иесіз қалмауға тиіс, жерді тек қана оның қадірін білетін

азаматтарға беру керек.

2022 жылдан бері жалпы аумағы 13,5 миллион гектардан астам жер қайтарылды. Бірақ әкімдер соның 6 миллион гектарын ғана жаңа жер игерушілерге бөліп берген. Иесін тапқан жер өндірістің ошағына, инвестиция көзіне, қайнаған еңбектің ортасына айналуы қажет. Бұл – анық нәрсе, – деген сөзінен Президенттің елге, жерге деген жанашырлығын, Қазақстан мемлекеті үшін басты құндылық саналатын жер мәселесіне асқан жауапкершілікпен қарайтындығын аңғаруға болады.

Бұл мәселеге «AMANAT» партиясы да белсенділікпен атсалысып, миллиондаған гектар жердің мемлекет меншігіне қайтарылуына зор үлес қосқандығын мақтанышпен айтқым келеді.

Жалпы, ел Президентінің биылғы Жолдауы ертеңге деген халық сенімімен серпін беріп, мемлекет қауіпсіздігін нығайту, адам капиталын басты құндылық ретінде бағалай білетін Қазақстанның әлеуметтік бағдары, тын мүмкіндіктердің тыңғылықты бағдарламасы болғаны дәлелдеуді қажет етпейді. Мен жасампаздық Жолдауын осылай бағаладым.

Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,
«AMANAT» партиясы
Қарағанды облыстық
филиалының төрағасы,
облыстық мәслихат депутаты

«Ақылды» технология апаттан сақтайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі таңда Қарағанды қаласының өзінде Қазыбек би ауданының Михайловка және Жаңа қала бөліктерінде 3665 үй орталық газ жүйесіне қосылған. Бұл – өңірдегі ірі газдандыру жобасының маңызды кезеңдерінің бірі.

Уақытты үнемдеп, қауіпсіздікті арттырыңыз

Бүгінгі таңда газ көрсеткіштерін тапсыру, төлем жасау және есеп-қисапты бақылау сынды қызметтердің барлығы – «QazaqGaz Aimaq» мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асады. Бұл қосымша тұтынушылардың өмірін едәуір жеңілдетіп қана қоймай, дер кезінде және нақты есеп беруге зор мүмкіндік беріп отыр.

Бұл туралы «QazaqGaz Aimaq» компаниясының газбен жабдықтау және тұрмыстық қызмет көрсету басқармасының бас маманы Нұрхан Есенгельдиев кеңінен айтып берді.

– Бұрын тұрғындар WhatsApp арқылы мамандарға көрсеткіш жіберетін немесе халыққа қызмет көрсету орталықтарына барып, ай сайынғы есепті тапсыру үшін кезек күтетін. Бұл ыңғайсыз әрі елдің уақытын ұрлайтын әдіс еді. Енді бәрі цифрлық жүйеге көшіп отыр. Қосымша арқылы есептегіш көрсеткіштерін жылдам енгізуге, тұтыну тарихын көруге, төлем мерзімі мен сомасын бақылауға болады, – деді Нұрхан Есенгельдиев.

Осы орайда аталған қосымшаның артықшылықтары тұрғындардың көңілінен шыққанын атап айту керек. Мәселен, тәулік бойы қолжетімділік, адами фактордың азаюы (қате мәлімет енгізу, кешігу, ұмыт қалдыру), ашықтық пен есеп айырысудың толық көрінісі және техникалық ескертулер мен қызмет көрсету уақыты туралы хабарламалар алу.

Мобильді қосымшадан бөлек, компанияның қолға алған тағы бір маңызды бастамасы – eGov порталы арқылы таратылатын газ ваучерлері. Бұл – мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек немесе тұрғын үй көмегін алатын азаматтарға арналған арнайы қаржылық қолдау тетігі.

«Әлеуметтік әмиян» пилоттық жобасы аясында атаулы әлеуметтік және тұрғын үй көмегін алушылар үшін НҰСҚАУЛЫҚ

1. АӨК пен ТҮК алатын азаматтарға 1414 нөмірінен жеңілдік қолжетімділігі туралы хабарлама келіп түседі

2. eGov mobile қосымшасын ашыңыз, «Әлеуметтік әмиян» бөліміне өтіңіз

3. Газ және отын бөлімін таңдаңыз

4. QazaqGaz Aimaq-тағы есептік шот нөміріңізді көрсетіңіз

5. Енгізілген мәліметтердің дұрыстығын тексеріңіз, «Растау» түймешесін басыңыз

6. Ваучер сәтті іске қосылды

7. Жеңілдік сомасы түбіртекте және «Әлеуметтік әмиян» сервисінде көрсетіледі

Барлық сұрақтар бойынша 5-104 Call-орталығына хабарласуға болады

Информация жасаған Айбек Рахымжан

Ортақ ұстаным

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа арнаған кезекті Жолдауында еліміздің экономикалық және әлеуметтік саясатының маңызды бағыттарымен қатар, мемлекеттік идеология және оның негіздері мәселесіне де айрықша тоқталды.

Бұған дейін бірқатар сарапшылар Президент Қ.Тоқаев өзінің сегізінші Жолдауында «күтпеген, тосын» мәлімдемелер жасамайды деп болжағанымен де, Мемлекет басшысының Парламентте бір жылдың көлемінде ауқымды реформа жасалатыны туралы бастама көтергені елеулі жаңалық болғаны рас. «Өткен 30 жылда Сенат өзінің тарихи миссиясын абыроймен атқарып шықты. Бірақ бұл істе асығыстық жасауға болмайды, бір палаталы Парламент құру мәселесін жан-жақты талқылаудан өткізесіміз», – деп атап көрсетті Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Қандай маңызды іс болсын, байыппен қарап, ақыл-парасат таразысынан өткізіп алмай, көпшілікке жария етпейтін Мемлекет басшысының әр сөзінен халыққа деген қамқорлық, елдің ертеңіне деген алаңдаушылық аңғарылып тұрады.

2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялаған ел басшысы «Жұмысшы мамандықтарына құрметті арттыру негізгі міндеттердің бірі» екендігіне тоқталып, технология дамыған қазіргі заманда жұмысшылардың жалақысын ұдайы көтеріп отырудың маңыздылығын айтты. «Әр азаматтың лайықты табыс тауып, ертеңгі күніне сенімді болуы үшін бар мүмкіндік жасалады, – деп атап көрсеткені де жоғарыдағы ойымызды айқындай түседі.

«Судың да сұрауы бар» дейтін халқымыздың даналығын еске түсіретін су ресурстарына ұқыптылықпен қарап, ысырапшылдыққа жол бермеудің де биыл «Су кодексін» қабылдаған еліміз үшін аса маңызды міндет екендігі Жолдауда баса айтылды. Орталық Азиядағы бес мемлекеттің қатарында әсіресе кең-байтақ Қазақстан үшін су тапшылығын жою міндеті өте өзекті болып тұрғанын біздің әр азаматтың түсінгені ауадай қажет.

Жолдауда шетелден білікті мамандарды ұлтына қарамай елімізде еңбек етуге тарту, сондай-ақ, мықты мамандарды елге қайтарып, оларға барлық жағдайды жасау міндеті қойылды.

Жасанды интеллектпен жұмыс істейтін, кәсіби даярлығы мен сапасы жоғары адами ресурстар қажеттігін алға тартқан Мемлекет басшысының: «Келесі мәселе: Жасанды интеллект дәуіріндегі мәдениет пен өнердің дамуы. Осы салаға бұрынғыдай айрықша мән береміз, тиісті инфрақұрылымды саламыз және қажет болса жөндеуден өткізіп, қалпына келтіреміз. Өнер адамдары еліміздің мәдениетін, салт-дәстүрін шетелге паш етіп жатыр. Бұл – құрметке лайық жұмыс. Сондықтан мәдениет қайраткерлеріне қажетті қолдауды көрсетеміз. Бірақ олар жаңа заманның талабына бейімделіп жұмыс істеуі керек» – деп атап көрсеткені, біздің атқарып жатқан, әлі де атқарар қызығымызды айқындап, айшықтай түсті.

Міндетімізді зорайтып, мақсатымызды үлкейтті. Сәйкесінше, жауапкершілігіміз де артатын болады. Бұл ретте «Озық ойлы ұлт болу үшін жағымсыз әдеттен түбегейлі арылуымыз керек» деп атап көрсеті отырып, қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынаста сыйаулықты сақтамай, «дөрекі сөйлеп, жаға жыртасатындардың» кездесетініне өкініш білдірді. Осы орайда «Мәдениет пен әдеп, тәртіп пен тәрбие әр азаматтың отбасылық қағидасы болуы керек» деп Мемлекет басшысы нақтылаған міндетті жүзеге асыруда біздің мәдениет пен өнер қызметкерлерінің қосар үлесі орасан зор, сол мақсаттағы атқарар ісіміз де ұшан-теңіз деп білеміз. Әрбір сахналық қойылымымыз қалың көрерменді ел бірлігі мен тыныштығын сақтауға шақырып, барды бағалай білетін отаншыл, мемлекетшіл рухтағы ортақ ұстанымға бағыттайтын болады.

Құрман ҚАЛЫМОВ,
С.Сейфуллин атындағы
Қарағанды облыстық
академиялық қазақ драма
театрының басшысы

Серпіліс тудырған серіктестік

«Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Бұл са- лаға тың серпін беру үшін мемлекет соңғы жылдары реформа жүргізіп жатыр. Қомақты қаражат бөлініп жатыр, биыл шаруа- ларды қолдауға бір триллион теңге жұмсалды. Қажетті несиелер уақытында берілді. Мұндай ауқымды қолдау елімізде бұрын-соң- ды болмаған», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қа- зақстан халқына Жолдауында. Қазір егін орағының нақ қызған шағы. Осыған орай, «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының өкілдері облыстағы ауыл шаруашылығы кәсіпорнына баспасөз турың ұйымдастырып, фермерлерге арналған жаңа онлайн-сер- висті таныстырды. Төқталайық.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент талабы

Ауыл шаруашылығы саласын- да табыстың кілті – қаржыландыру механизмдерінің тиімді жаңаруы мен оңтайландырылуы. Мемлекет басшысының тапсырмасы бой- ынша Үкімет былтыр желтоқсан айынан бастап шаруаларға жеңіл- детілген несиелер легін беруді қолға алды. Шарапатты шара, өз кезегінде, ауыл шаруашылығы та- уар өндірушілеріне тың мүмкін- дік туғызды. Жаңа қаржыландыру жүйесі арқылы шаруалар қауымы қажетті ресурстарды алдын ала сатып алу мүмкіндігіне ие болды, бұл олардың егін егу, егін жинау және баска да ауыл шаруашылығы жұмыстарын уақытылы әрі тиімді жүргізуіне игі ықпал етеді. Әсіре- се, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін фермерлер үшін тұрақты қаржылық қолдау мен тиімді несие шарттары жұмысын айтарлықтай жеңілдеткен еді.

Қаржыландыру жүйесіндегі өміршең өзгерістер фермерлердің егіс алқабындағы жұмыстарын уақытылы бастауына әрі техника- ларын жаңартуға көбірек септе- седі. Сайып келгенде, мұның бәрі өнімділікті арттыруға, шығындар- ды азайтуға және шаруашылықтар- ды тұрақты дамытуға сеп. Мемле- кет тарапынан көрсетілген қолдау мен жеңілдетілген несиелер ауыл шаруашылығы саласын жаңа бе- лестерге көтеруге, оны тұрақты әрі тиімді дамытуға бағытталған нақты қадам екендігі анық.

Биылғы 1 қаңтардағы дерек- терге сүйенсек, Қазақстанда ауыл шаруашылығы техникаларының жалпы саны 139 мың трактор, 31 мың комбайн, 5,6 мың егіс кешені мен баска да техника түрлерін қамтыған. Көзайым көрсеткіш еліміздің аграрлық секторындағы жанарудың оң динамикасын ай- ғақтады. Әсіресе, 2024 жылы тех- никаны жаңарту деңгейі 5,5%-ға жетіп, өткен жылдар көрсеткіші- нен айтарлықтай үстем түскен. Ал, 2028 жылға қарай бұл көрсеткішті 9%-ға дейін көтеру жоспарланып отыр. Бұл – республиканың ауыл шаруашылығын цифрландыру мен жаңғырту бағытындағы нақты қадамдардың бірегей нәтижесі деп бағамдарлық меже. Тұғастай алғанда ауыл шаруашылығы тех- никасын сатып алу көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 2,5 есе артқан. Үздіксіз өсімге елдің ауыл шаруашылығын дамыту үшін бөлінген қаражаттың арқасын- да жетілдірілген қаржыландыру механизмдері мен жеңілдетілген лизинг бағдарламасының ықпалы зор. Бұған дейін «Жеңілдетілген лизинг» бағдарламасы аясында 250 млрд теңге бөлініп, 6 000-ға жуық жаңа техника сатып алы- нуы көзделген. «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы өтінімдерді қабылдауды бастағаннан бері 129 млрд теңгеден астам сомаға 3 500-ден аса өтінім келіп түсті. Ал, 85,7 млрд теңгеге 4 580 техни- ка жеткізуге 2 400 шарт жасалды. Осындай оңтайлы қаржыландыру схемалары ауыл шаруашылығы та- уар өндірушілерінің заманауи тех-

никаға қол жеткізуін жеңілдетіп, олардың өндірістік қуатын артты- руға септігін тигізді.

Егіс науқанында жаңа заманауи техникалар белсенді түрде пайда- ланылып, астық танабын 70%-ға дейін қамтыған 5,6 мың егіс кешені жұмыс істеді. Қазіргі кешен- дер дәлдік егіншілік жүйелерімен жабдықталған, яғни, GPS, автопилот, тұқымдарды дәл себу, тыңайт- қыштар мен гербицидтерді қол- данудың тиімді жүйелері арқылы егіннің өнімділігін арттыруда зор рөл атқарады. Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытудағы мұндай технологиялық жаңар- тулар мен инновациялар агра- рийлердің жұмысын жеңілдетіп, олардың өнімділігін арттырып, аграрлық сектордың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуде.

Сандық шешімдер шарапаты

Мемлекет басшысы Қа- сым-Жомарт Тоқаевтың ауыл ша- руашылығын жаңа деңгейге көтеру туралы айтқан сөздері тек ұран ғана емес, нақты іске асатын жоспарға айналды. Биылғы егін орағының кезіндегі жасалған реформалардың әсерін көріп отырмыз. Өндірістік үдерістердің тиімділігі артып, егін алқаптарын өңдеудің мерзімі қысқарып, аграрийлердің жұмысы жеңілдегенін байқаймыз.

«ҚазАгроҚаржы» акционер- лік қоғамы цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, аграрлық сектордағы тұтынушыларға жан- жақты қолдау көрсететін сенімді серіктес. Мақсаты – мемлекет- тік қолдау құралдарының нақты нәтижелерін айқын көрсету, ауыл шаруашылығы өндірушілерінің қажеттіліктерін талқылау әрі фер- мерлерден кері байланыс алу. Өңірлерге баспасөз туры аясында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Осакаров ауданының ау- мағында орналасқан дәнді және майлы дақылдарды өсіруге маман- данған «YUGER2023» жауапкер- шілігі шектеулі серіктестігі дикан- дарымен жүздесті. Биыл атаулы компания 13 мың гектардан астам жерге егін еккен. Мұның қатарын- да 10 мың гектардан астам бидай, 2 мың гектар зығыр, 1 мың гектар жасымық және баска да дақылдар түрлері бар. Компанияда 44 қыз-



меткер жұмыс істейді. Жаңа тех- ника арқасында фермерлер қыска мерзім ішінде үлкен көлемдегі егістік алқаптарды өңдеуге мүм- кіндік алған. Компания болашақта өз қызметін одан әрі кеңейтуді жоспарлап отыр. Бұл үшін жаңа техника мен технологияларға инве- стиция салуды жалғастырып, ауыл шаруашылығындағы тиімділікті арттыру мақсатында инновация- лық шешімдерді енгізуді көздейді.

Иә, күзгі егіс науқанының ең басты серігі – жаңа заманауи техника. Теңдессіз техника фер- мерлерге қыска мерзім ішінде кең алқаптарды тиімді өңдеуге өріс сыйлайды. Мысалы, аптап ыстықта ауа баптағышы бар ком- байнға кіріп еңбектенудің өзі бір ғанибет. Қазіргі таңда, алқаптар- дағы еңбек өнімділігі артып, әр жұмысшының уақытты үнемдеп, сапалы өнім алуына игі ықпал етуде. Жаңа техникалар мен тех- нологиялар ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруге жол аша- ды. Өлбетте, бұл өз кезегінде өн- діріс тиімділігін арттыруға және жергілікті аграрийлердің жұмысын жеңілдетуге мейлінше мүмкіндік туғызып отыр.

Кәсіпорын өкілдері өз қыз- меті туралы айтып, өндірістік нысандармен, алқап, астық қой- маларымен және қызметкерлерге арналған жаңа жатақхананы көр- сетті. Талқылауға облыстың әртүр- лі аудандарынан келген фермерлік шаруашылықтардың өкілдері қа- тысты. «ҚазАгроҚаржы» акцио- нерлік қоғамы баскарма төраға- сының орынбасары Еркебулан Жұмбаев қатысуымен кездесу өтіп, ауыл шаруашылығы техника- сын лизингке рәсімдеуге арналған жаңа онлайн-сервис таныстырыл- ды. Бір пайдалысы, бұрынғыдай ұзақ-сонар кезекке тұру мен алыс шақырымдарды бағындырмай-ақ, кез келген қарапайым шаруа ісін дөңгелету үшін үйіндегі компью-

тер тінтуірімен-ақ құжаттарын тапсырып, жаңа техникаға өтініш бере алады. Небәрі 10 минуттың ішінде келісім берілген жағдайда қолданушы қажетті техникасын рәсімдей алады. Техниканы алған фермерлерге салтанатты түрде кілттер табысталады. Технологи- яның жаңа мүмкіндіктері фермер- лердің өтінім беру үдерісін жеңіл- детіп, қажетті техникаларды алуға жол ашады.

– Жыл сайын дәнді дақыл- дардың ассортиментін байыту үстіндеміз. Серіктестік бес жыл- дан бері ісін дамытып келеді. Егіс алқабы – 12 324 гектар. Ісімізді мейлінше әртараптандыруға күш салып келеміз. Өлбетте мұның барлығы мемлекеттің жан-жақты қолдауының негізінде іске асып жатады. Қолданыстағы техника атаулысын қызметкерлерімізге ба- рынша жайлы да қолайлы болуы үшін жаңартып тұрамыз, – дейді «YUGER2023» серіктестігі дирек- торының орынбасары Михаил Во- локушин.

Қағазсыз құжат құпиясы

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының жаңа онлайн-платфор- масының таныстырылымы демек- ші, аталған инновациялық жүйе фермерлермен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қаржылан- дыру алу үдерісін айтарлықтай жеңілдетеді. Таныстырылым ба- рысында компанияның қызметкер- лері нақты уақыт режимінде өтінім беріп, бірнеше минут ішінде дайын шешімді көрсетіп, қатысушылар- ды таңғалдырды. Онлайн жүйенің басты ерекшелігі, қағаз түріндегі құжаттарды рәсімдеу қажеттілі- гін жоққа шығаруы. Жаңа сервис барлық рәсімдерді электронды форматта жүргізуге мүмкіндік беріп, фермерлердің уақытын үнемдейді әрі құжаттарды жинау



ка бірлігін сатып алуға арналған шарттар жасалып, жалпы құны 11 млрд теңгені құраған. Өз кезегін- де фермерлер 5% жылдық мөл- шерлемен берілетін жеңілдікті лизингке орасан қызығушылық таныту үстінде. Аталған бағдарла- ма аясында жалпы құны 10,5 млрд теңгеден асатын 742 техника бірлі- гін алу қаржыландырылды. Бүгін- де облыстағы «ҚазАгроҚаржы» филиалы 1 100-ден астам клиентке қызмет көрсетіп отыр.

– Біздің Қарағанды облысын- дағы «ҚазАгроҚаржы» филиа- лымен өте тығыз әріптестік байла- нысымыз бар. Өңірлік кәсіпкерлер палатасының жанында агроөнер- кәсіптік кешен комитеті жұмыс істейді, онда біз саланың өзекті мәселелерін талқылаймыз. Жалпы, еліміздің барлық өңірлерінде пала- таның филиалдары бар. Онда біздің кеңесшілер ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге құжаттар- ды жинап, өтінімдерді толтыруға көмек көрсетеді. Егер фермерлерде кандай да бір сұрақтар туындаса, олар біздің филиалға жүгіне ала- ды. Біз жан-жақты қолдау көрсет- туге дайынбыз», – деді Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы- ның директоры Ернар Күлпейісов.

Қазық

Сонымен, «ҚазАгроҚаржы» ұран еткен «Жерге – техника, жүрекке – күш!» деген қанат- ты сөзді осы күнде әрбір фермер өзінің күнделікті еңбегінде терең сезінеді. Өйткені, бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы саласы тек жер мен техниканың көмегімен ғана емес, жаңа технологиялар мен цифрландырудың ересен күшін пайдаланып, өздерінің зор мақсаттарына қарай қадам басу- да. Елімізде ауыл шаруашылығын жаңғырту мен тиімділігін арттыру бағытындағы өміршең реформа- лар мен мемлекеттік қолдау ша- ралары біркатар оң өзгерістерді өзімен қоса алып келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев- тың Жолдауында айтқандай, ауыл шаруашылығының болашағы тек реформаларда ғана емес, сонымен қатар, сол реформалардың тиімді жүзеге асырылуында екендігі ақиқат.

Тың техника мен теңдессіз технологияның біртұтас жүйесі аграрлық секторда үлкен серпіліс тудырды. Мысалы, биылғы егін науқанында қолданылған заманауи егіс кешендері мен агрономиялық технологиялар әрбір фермер үшін жұмысты жеңілдетіп қана қоймай, өнімділікті бірнеше есе арттыруға салым қосты. GPS, автопилот және дәлдік егіншілік жүйелері арқылы фермерлер енді уақытты үнем- деп, сапалы өнім ала алмақ. Осы жаңашылдықтардың барлығы да ауыл шаруашылығының тиімділі- гін арттырып, аграрлық сектордың тұрақты әрі жоғары өнімді болуы- на негіз қалап отыр. Өркенді өз- герістер жергілікті шаруалардың бизнесін өркендетуге деген сенімін күшейтуде.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ауыл шару- ашылығы саласы үшін зор қолдау көрсетіліп, кешенді секторды да- мытуға бағытталған мемлекеттік шаралар жүйелі түрде жалғасын табуда. Сондықтан да, болашаққа деген сенім мол.

Суреттерді түсірген
Әскер НИЯЗОВ



Инклюзия: баршаға тең мүмкіндік

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны жыл санап артып барады. Демек, бұл барлық білім беру ұйымдарында бірдей инклюзивті білім берудің қажеттілігі мен қолжетімділігін айқындап отыр. Өйткені, мұндай балалар қоғамнан шеттетілмей, замандастарымен бірге білім алуға құқылы. Сондықтан, мемлекет елімізде толыққанды инклюзивті орта қалыптастыруды көздейді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

20 мыңнан аса ерекше бала бар

Соңғы жылдары ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны едәуір артты. Әсіресе, олар – дамуында бұзылыстары бар (ақыл-ойының кемістігі) балалар мен қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесуінде қиындықтары бар (аутизм) балалар. Қазіргі уақытта облыста ерекше білім беру қажеттіліктері бар 20 мыңнан аса бала тіркелген. Олар-

жеке көмекші сияқты штаттық бірліктерді енгізудің арқасында көптеген балалар үйден шығып, өз қатарластарымен бірдей білім беру ұйымдарына бара бастады. Мектептерде олар үшін кедергісіз орта құрылуда. Бұрын мүмкіндігі шектеулі бала көбінесе арнайы мектеп-интернаттарда ғана оқытылатын еді. Қазір кез келген бала тұрғылықты жеріне жақын орналасқан мектепте білім алуға құқығы бар. «Білім туралы» Заңға сәйкес, мұндай балалар үшін барлық қажетті арнайы жағдайлар жасалуға тиіс, олар жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне сәй-



дың 17 мыңнан астамы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау және ерте түзету көмегімен қамтылған.

«Мүгедектігі бар балалар санының артуы бірнеше факторларға байланысты», – дейді Қарағандыдағы Педагогикалық-медициналық-психологиялық консультация орталығының директоры Жанар Әскербекқызы.

– Ең алдымен, медициналық және психологиялық-педагогикалық диагностиканың, соның ішінде, аутизм спектрінің бұзылуын ерте анықтау жүйесінің жақсаруы әсер етті. Қазіргі заманда сәбиің даму ауытқуы бар екенін құрсақта жатқанда-ақ анықтауға мүмкіндік бар. Сонымен қатар, шала тұған, дене салмағы өте төмен балалардың өмірін сақтап қалу нәресте өлім-жітімінің төмендеуіне әкелді. Мұндай балаларда есту, көру, тірек-қимыл жүйесі және басқа да даму бұзылыстарының даму қаупі жоғары. Сонымен қатар, экологиялық жағдайдың нашарлауы мен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың қолайсыздығы да осы үрдіске әсер етуде, – деді Жанар Әскербекқызы.

Оның айтуынша, балалардың дамуындағы проблемаларды ерте анықтаудың жеткіліксіздігі де себеп болып отыр. Атап айтқанда, барлық балалар ерте даму скринингінен өтпейді, «тәуекел» тобына жататын балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру уақытылы жүгінбейді, қажетті арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау ала алмайды.

Ерекше баланы мектепке жолдайтын ұйым

Елімізде инклюзивті білім беру белсенді түрде дамып келеді. Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы білім берудің барлық деңгейлерінде құрылды. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін кедергісіз орта құрылып, педагог-психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, педагог-ассистент сынды мамандардан тұратын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметтері жұмыс істейді.

– Педагог-ассистент және

кес келетін оқу бағдарламасы бойынша оқытылады. Ал, мектептер мен балабақша әкімшілігі мұндай балаларды қабылдауға құқығы жоқ, керісінше, баланың мүмкіндігінше ортаға тезірек бейімделуі мен білім алу барысында табысқа жетуі үшін барлық жағдайды жасауға міндетті, – дейді Жанар Әскербекқызы.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация – бұл балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалап, оларға қандай арнайы білім беру қызметі қажет екенін анықтайтын және мүмкіндігі шектеулі балаларды мектептер мен балабақшаларға жолдайтын арнайы білім беру ұйымы.

Мұнда дәрігерлер мен педагогтер жұмыс істейді. Дәрігерлер: невропатолог, психиатр, офтальмолог. Педагогтер: педагог-психолог, логопед мұғалім, дефектолог мұғалім, сурдопедагог, тифлопедагог, әлеуметтік педагог. Барлық дәрігерлер мен педагогтер өздерінің кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отырады, біліктілікті арттыру курстарынан, аттестациядан өтеді. Қазіргі уақытта республикадағы барлық ПМПК мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуын бағалаудың әлеуметтік-педагогикалық моделіне көшті. Бұл балалардың сапалы білім алуына және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

ПМПК қызметі барлық аймаққа қажет. Ауылдық жерлерде мұндай арнайы ұйымдар жоқ. Десе де, облыс аумағында тұратын барлық балалар Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Балқашқа жақын орналасқан елдімекеннен келіп, қаладағы ПМПК қызметіне жүгіне алады. ПМПК және психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері сияқты арнайы білім беру ұйымы желісі балалардың өз тұрғылықты жерінде қажетті көмек алуына жағдай жасау мақсатында кеңейтіліп жатыр.

ПМПК барлық балабақша, мектеп, колледждермен тығыз байланыста. «Біз педагогтерге, әкімшілікке ПМПК қорытындысы бойынша оны іске асыруда әдістемелік көмек көрсетеміз. Сонымен қатар, оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқушылардың жетістіктерін

бағалау және басқа да мәселелер бойынша консультациялық көмек береміз. Білім беру ұйымдарымен түрлі семинарлар, дөңгелек үстелдер, вебинарлар өткізіліп отырады», – деді Жанар Ержолова.

Мектептерде кедергісіз орта бар

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін білімге қолжетімділікті арттыру мақсатында мектептерде қолдау кабинеттері ашылуда. Бүгінгі таңда облыста ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауға арналған 54 кабинет жұмыс істейді. Мұнда психологтар, арнайы және әлеуметтік педагогтер, сондай-ақ, педагог-ассистенттер ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қолайлы жағдай жасап, оларды мектеп ортасына бейімдеуге көмектеседі.

Кабинеттерде мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қолайлы, кедергісіз орта жасакталған. Атап айтқанда, пандустар орнатылған, табалдырықтар алынған, тактильді жолақтар, қол тіреуіштер мен акпараттық такталар қарастырылған. Мамандар құрамы толық жасакталған, түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастыруға қажетті барлық жабдықтар бар.

Биыл облыста тағы 2 ерекше балаларды қолдау кабинетін ашу жоспарлануда. Қарағандыдағы №5 қосымша білім беру мектеп-орталығында облыс әкімінің тапсырмасымен ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған сенсор кабинеті ашылған. Қазіргі уақытта мектепте инклюзияны қолдау кабинеті жұмыс істеп тұр. Мұнда арнайы мамандар жұмыс жүргізеді.

– Бүгінде мектебімізде 60-қа жуық ерекше білім беруді қажет ететін бала бар. Олар үшін арнайы жағдай жасалған, инклюзивті сыныптар толыққанды жұмыс істеуде. Сенсорлық кабинет осы балалардың танымдық және эмоционалдық дамуына оң әсер беріп отыр, – деді мектеп-орталықтың директоры Торғын Нұрмағамбетова.

Облыста 972 арнайы педагог (дефектолог, логопед, тифлопедагог және сурдопедагог) жұмыс істейді. Сондай-ақ, білім беру

ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдейтін 326 педагог-ассистент бар.

«Келешек мектептері» жобасымен салынған мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға барлық жағдай жасалған. Күні кеше Балқаш қаласында ашылған №12 жалпы білім беретін мектепте ерекше балалар үшін барлығы да қолжетімді әрі заманауи. Атап айтқанда, пандустар, арнайы лифтілер, кең есік, арнайы жабдықталған әжетханалар, тактильді жолақтар, Брайль шрифтіндегі материалдар, үлкейтілген каріптер, сурет белгілері, визуалды көмек құралдарының бәрі бар. Мектеп «Инклюзивті білім беруге толық дайын» дейді директор Гүлзада Манатаева.

Айтуынша, қазіргі уақытта ПМПК қорытындысымен келген екі бала ғана бар. – Біз барлық ерекше балаларды қабылдаймыз. Бүгінде әлеуметтік педагог пен психолог жұмыс істейді. Балаларды оқыту жүйесі, оларға қажетті арнайы мамандарды ПМПК қорытындысы бойынша реттейміз. Мұндай балалар мектеп бітіргенде аттестаты да бөлек болады, – деді директор.

Кәсіптік білім берудегі инклюзия

Қарағанды техника-құрылыс колледжі ерекше балалармен 2014 жылдан бері жұмыс істеп келеді.

Инклюзивті топтардың құрамында есту қабілеті нашар студенттер жиіаз өндірісін жақсы меңгереді екен. Алдымен олар компьютерде сурет салады, содан кейін станоктардағы бөлшектерді кеседі, үстел, орындық, керует және басқа да жиіаз бұйымдарын жинайды. Ал, арнайы топтарда ақыл-ой кемістігі бар студенттер сәндік-қолданбалы өнерді үйрене алады. Бұл оларға ұсақ моториканы дамытуға көмектеседі және табанды болуға үйретеді. Сонымен бірге, былғары, киізден жасалған бұйымдарын сатып, ақша табуға мүмкіндік алады.

– Рас, мұндай студенттерді одан әрі жұмысқа орналастыру – маңызды мәселе болып қала береді, – деп мойындайды директор.

– Біз өз тарапымыздан оларға барлық жағынан көмектесуге тырысамыз. Мәселен, былтыр сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқа мерзімді қайта оқыту курстары ашылды. «Жиіаз ісі» мамандығының бір түлегі екі жыл бойы үйде жұмыссыз отырды, біз Орталық саябақтың басшылығымен келісіп, оған үш апталық тегін курс ұйымдастырдық және оны көгалдандырушы ретінде жұмысқа орналастырдық. Қазір ол 200 мың теңге жалақы алады және өте риза. Сондықтан әркім өз жұмысын табуы үшін осындай тәжірибені тұрақты енгізгіміз келеді, – деді Әсел Сағынбайқызы.



Олар үшін қажетті жағдай толық жасалған. Бүгінде колледжде ерекше қажеттіліктегі 82 студент білім алуда.

– Ерекше білімді қажет ететін арнайы топтармен қатар, инклюзивті білім беру тобы да бар. Яғни, арнайы топтағы балалар арнайы бағдарламамен дәріс алса, басқаларына өзге топтармен кіріктіріліп білім беріледі. 82 студенттің арасында 11 түрлі диагноздағы балалар бар. Олардың толыққанды білім алуы үшін мүмкіндіктер жасалған. Ерекше қажеттіліктегі студенттер дәнекерлеуші, жиіаз, ландшафтық-дизайн мамандығын меңгеруде, – деді оқу орны басшысы Әсел Сапарова.

Ерекше білімді қажет ететін студенттер бұл жерде қосымша біліммен де қамтылады. Олар, әсіресе, қол моторикасын дамытатын іспен көбірек жұмыс жасайды. Мәселен, колледжде керамикалық бұйымдардың жасалуын үйрететін шеберхана бар. Бұл жерде студенттер қазақтың ою-өрнектерімен бедерленген қыш құмыра, ыдыс-аяқ, әшекей бұйымдар жасайды. Әр жасалған бұйым – қайталанбас өнер. Ерекше қажеттіліктері бар студенттерге Түркияда 7 жыл білімін жетілдіріп келген маман Гүлжан Абдикашева үйретеді. Айтуынша, осы мамандықта 30 студент білім алуда. Оқыту барысында қаржылық сауаттылық



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

сабақтары да қамтылады. Бұл студенттерге жасаған бұйымдары арқылы табыс табуға мүмкіндік береді.

Инклюзияға қолайлы жағдай жасалуда

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту, қоғамға бейімдеу – мемлекет үшін маңызды міндеттердің бірі. Осы орайда Қарағанды облысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолайлы әрі сапалы білім беру ортасын қалыптастыруда жүйелі жұмыс жасалып жатыр. Облыстың білім басқармасының мәліметінше, қазіргі таңда өңірде мұндай балалардың 85 пайызы психологиялық-педагогикалық қолдау мен ерте түзету қызметтерімен қамтылған. Мұны одан әрі кеңейтіп, бүгінде арнайы білім беру ұйымдарының санын көбейтудің маңызы артып отыр.

Жаңа оқу жылында Қарағанды қаласындағы №4 мектеп-интернатта ақыл-ойының дамуы жеңіл және орташа деңгейде бұзылған балаларға арналған төрт арнайы сынып ашылады. Дәл осындай сыныптар №1 арнайы мектеп-интернаттың да жұмыс істейді.

2026 жылы Қарағандыда ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған он бірінші арнайы мектеп-интернаттың ашылуы жоспарланған.

Облыста Аутизм орталығы жұмыс істеп тұр. Орталық жыл сайын шамамен 400 балаға көмек көрсетеді. Алайда, өңірде осындай тағы бір орталық ашу қажеттілігі туындап отыр.

– Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді әрі сапалы білім беру ортасын құру – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Жыл соңына дейін барлық білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды қажетті жағдайлармен толық қамтамасыз етуді тапсырамын. Сондай-ақ, 2026 жылы Теміртауда аутизмді бар балаларға қолдау көрсету орталығын және Қарағандыда ақыл-ой дамуында ауытқуы бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернат ашу қажет. Бұдан бөлек, Бұқар жырау ауданының әкімдігіне білім басқармасымен бірлесіп, осы

жылдың қарашасына дейін психологиялық-педагогикалық түзету кабинетін іске қосуды жүктеймін. Келер жылы осындай шаралар өңірдің барлық аумағында жүзеге асырылуы тиіс, – деген болатын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тамыз конференциясында.

Биыл қыркүйектен облыстағы барлық арнайы мектеп-интернаттарға ресурстық орталық мәртебесі беріледі. Қазір инклюзияны қолдау бағытында небәрі екі облыстық ресурстық орталық жұмыс істеп тұр, ал, күзге қарай олардың саны он екіге жетпек.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ілгерілеудің іргетасы

Арқа атырабы бүгінде жаңа келбетін қалыптастырып келеді. Өндіріс ошағы есептелетін қалада да, қаймағы бұзылмай, қазаны қайнаған ауылда да тұрмыс сапасы жандану жолында. Халықтың қалауына сай тұрғын үйлер тұрғызылып, заманауи мектептердің іргетасы қаланып, мердігерлер медициналық нысандар салуда.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Баспана – бақыттың бастауы

Әлеуметтік саясаттың негізгі тетігінің бірі болған тұрғын үй құрылысының ауқымы күн санап кеңеюде. Өткен жылдың қорытындысы бойынша өңірде 540 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілген. Оның ішінде мемлекеттік үлес небәрі 6 пайыз болса, негізгі жүктемені жеке инвестициялар көтеріп отыр.

Ал, биыл аймақта шамамен 548 мың шаршы метр тұрғын үй (5172 пәтер) салу жоспарланған. Оның 83 пайызы – жеке қаржы есебінен. Құрылыс саласында да жеке кәсіпкерлердің белсенділігі үдеп тұрғанын осыдан-ақ анық аңғаруға болады. Әлеуметтік осал топтардың тұрғын үй мәселесін шешу үшін мемлекет қосымша тетіктер енгізуде. Атап айтқанда, мемлекеттік бюджет есебінен 2025 жылы 8,3 млрд теңгеге 528 жалдамалы баспана, ал, 4,9 млрд теңгеге 567 несиелік пәтер сатып алу көзделген. Бұдан бөлек, республикалық бюджеттен бөлінген 3,6 млрд теңгеге 259 жалдамалы үй сатып алу межеленген.

– Соңғы жылдары тұрғын үй құрылысында жеке инвестицияның үлесі артып келеді. Мемлекет тарапынан да қолдау тетіктері бар. Көбіне әлеуметтік осал топтар мен жас отбасылардың баспанаға қол жеткізуіне көп мүмкіндіктер қарастырылған. Жыл соңына дейін жоспардағы 1400-ден астам пәтерді ел игілігіне беруді көздеп отырмыз. Мыңнан астам отбасының қоныс тойын тойлайтын күн де алыс емес, – деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Саян Мұратұлы.

Облыс аумағындағы өңірлерде де тұрғын үй тұрарындағы түйткілдің түйіні тарқатылып келеді. Балқаш, Абай қалаларында,



Ақтоғай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров және Шет аудандарында жеке құрылыс компаниялары мемлекет тапсырысымен әлеуметтік тұрғын үй тұрғызып жатыр. Ал, Теміртау, Саран, Приозерск қалаларында ескі үйлерді қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынған.

Жоспарға сай биыл Шахтинск пен Абай ауданында екі тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, жергілікті тұрғындарға 140 жаңа пәтер беріледі. Бұл баспаналар «Отбасы банкі» арқылы цифрлық ипотекамен жеңілдетілген шарт арқылы үлестірілмек.

Жаңа білім ошақтары бой көтеруде

Биыл білім саласының дамуына айрықша көңіл бөлінді. Облыс аумағында алты жаңа нысанның құрылысы жүріп жатыр. Соның ішінде, Қарқаралы ауданы Талды ауылындағы 200 орындық мектеп жаңа оқу жылында білім айдынында желкенін керді. Қарағандыдағы білім беру орындарына келетін болсақ, №50 мектептің қосымша

ғимараты 2025 жылдың соңында пайдалануға берілімек. Ал, Үлкен Михайловка аталған бөлігінде 300 орындық жаңа мектептің құрылысы жоспар бойынша жүріп жатыр.

«Жайлы мектеп» бағдарламасы да өңірге жаңаша дем берді. Жаңа ауданда 1200 орындық ірі білім ошағының есігі айқара ашылды. Бұқар жырау ауданында үш мектеп (Үштөбе, Ғабиден Мұстафин, Докский ауылдарында), ал, Шет ауданында екі жаңа мектеп (Ақсу-Аюлы және С.Сейфуллин кенттерінде) қолданысқа беріледі. Бұл ауқымды жобалардың тапсырыс берушісі – «Samruk-Kazyna Construction». Жаңа білім нысандарының ашылуы ауылдық жерлердегі үш ауысымдық оқу мәселесін шешіп, балаларға заманауи жағдайда сапалы білім алуға жол ашады.

Халыққа қолжетімді медицина

Ұлттық «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында 2023 жылдан бері өңірде 92 медициналық нысанның құрылы-



сы жоспарланған. Оның ішінде, 11 дәрігерлік амбулатория, 34 фельдшерлік-акушерлік пункт және 47 медициналық пункт бар. Биыл Бұқар жырау ауданының Тұзды ауылында ашылған жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт – соның нақты дәлелі бола алады.

– Көп жылдан бері ауылда қарапайым көмектің өзіне зәру болып келді. Енді жаңа нысан бар, жарық бар, су бар. Ауылдағы қарапайым халықтың қамы үшін ашылған орталық енді халықтың саулығы үшін қызмет етеді, – деді пункттің жетекші маманы Гүлнар Жұмабекова.

Жоспарлы жұмыстар кезеңке-

зеімен жүргізілуде. 2023 жылы облыстағы 14 ғимарат пайдалануға берілсе, өткен жылы тағы 12 нысанның құрылысы аяқталды. Қалған құрылыс нысандары осы жылдың соңына дейін қолданысқа тапсырылмақ.

Сонымен қатар, қалалық орындарда денсаулық сақтау инфрақұрылымы жаңартылды. Балқаш қалалық орталық ауруханасында ангиографиялық ота жасайтын жаңа корпусның құрылысы жүргізілуде. Қарағандыдағы облыстық онкологиялық диспансерде де қосымша операциялық-реанимациялық блок салынуда.

Түйін
Ел ертеңін анықтау үшін жасалған жұмыс қашан да қарқынның бәсеңдетпейді. Әрбір тұрғызылған үй, салынған мектеп, жарнарған жол – халық игілігі үшін атқарылған еңбектің айғағы.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

«Тұлпар мініп, ту алған» облыстық байқауын ұйымдастыру және өткізу ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже
1. Осы Ереже Қарағанды облысының жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында жырау Тастыбай Жағыпарұлы нұсқасындағы «Бөгенбай батыр» жырын жатқа оқудан «Тұлпар мініп, ту алған» облыстық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылы Республика күнінде «...біз бұған дейін мемлекеттілігімізді нығайтуға баса мән бердік. Енді азаматтардың мемлекетшілдік сана-сезімін арттыруға да жете көңіл бөлуіміз керек. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Тұлпар мініп ту алған» жалпыұлттық эстафетасы өткенін білесіздер» деп тоқталып, кейін Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу» деп атап өткен болатын.

Байқау кітап оқу мәдениетін қалыптастыру жөнінде жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында «AMANAT» партиясының, Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылады.

2. Байқаудың мақсаты: өскелең ұрпаққа қазақтың рухани қазынасын насихаттау, жастар арасында халық ауыз әдебиеті мен фольклорды насихаттау, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, патриоттық сезімді арттыру.

Міндеттері:
– балалар арасында кітап оқуды және қазақ халқының батырлық эпостарын насихаттау;
– өскелең ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамытуға жағдай жасау;
– балалардың халық поэзиясына, қазақ халқының рухани асыл мұрасына деген сүйіспеншілікке және патриотизмге тәрбиелеу, елдік пен ерлік рухын, намысқой, қайсарлық қасиеттерге баулу;
– балалардың әдебиетке, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілігін ояту;
– дарынды балаларды анықтап, оларға қолдау көрсету, өнерлі жастардың халық арасында таныту;
– қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерін ынталандыру.

II. Ұйымдастыру жұмыстары
3. Ұйымдастыру комитеті Байқауды өткізудің жалпы тәртібін анықтайды және оны өткізуге тікелей басшылық етеді. Сондай-ақ, өтінімдерді қабылдайды, қатысушылардың тізімін жасап, қазылар алқасының құрамын анықтайды.
4. Байқауға қатысатын үміткерлерді бағалау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамында тіл мен әдебиет, мәдениет пен білім саласындағы білікті мамандар, ғалымдар, зиялы қауым өкілдері болады (үш адамнан кем емес).

Қазылар алқасының шешімі түбегейлі болып табылады және қайта қаралмайды. Қазылар алқасы қатысушылардың әрбір мүддіргенін қалт жібермей, белгілеп отыруы тиіс.

Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделеді, оған қазылар алқасының барлық құрамы қол қояды.

III. Өткізу тәртібі
5. Байқауға оқыту тіліне қарамастан, мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы орта білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың және жалпы білім беретін ұйымдардың 6-10 сыныптарының оқушылары қатыса алады. Әр мектептен кем дегенде 10 оқушы (6-шы сыныптан 2 оқушы, 7-ші сыныптан 2 оқушы, 8-ші сыныптан 2 оқушы, 9-шы сыныптан 2 оқушы, 10-шы сыныптан 2 оқушы) және оқушыларды дайындайтын 5 мұғалім қатысады (Әр мұғалім 2 оқушыдан артық дайындай алмайды).

Байқау 2 кезеңнен тұрады:
І кезеңде (аудандық/қалалық) қатысушыларға қойылатын талап:
– жыр айтудан сайыс;
– сұрақ-жауап (жыр ішіндегі жекелеген оқиғалар мен жер-су атауларына қатысты сұрақтар);
– жырдың ішіндегі көнерген, тарихи сөздердің мағынасын ашып түсіндіру.

II кезеңде (облыстық) қатысушыларға қойылатын талап:
– қазылар алқасы жас жыршыны кез келген сәтте тоқтатқанда, келесі қатысушы жырды әрі қарай жалғастыра жөнелуге дайын болуы керек немесе қазылар алқасы жыр ішіндегі оқиғалар желісі бойынша жалғастыруды ұсынуға құқылы (талап еткен жағдайда сол жерден жалғастыруы тиіс);
– қатысушыларға сұрақ билет түрінде беріледі, әр билетте екі сұрақтан болады (6-10 сыныптың қазақ әдебиеті оқулығы бойынша әзірленеді);
– жырдағы тұрақты сөз тіркестерін, қанатты сөздерді, теңеулерді анықтап, мағынасын ашу (сұрақтар қазылар алқасы тарапынан қойылады).

6. Байқау Ережесі мен облыстық кезеңде қатысушыларға қойылатын сұрақтар тізбесі алдын ала qazaqpos.com сайтында жарияланады. Алайда билетте сұрақтардың берілу формасы өзгергенімен мазмұны сақталады.
7. Бағалау өлшемдері (критерийлері):
– қатысушылар 10 балдық жүйемен бағаланады;
– қатысушының шығарманы оқу мәнеріне және әртістік шеберлігіне назар аударылады, яғни батырлар жырын нақышына келтіріп, төгітіп жырлауы ескеріледі. Жырды айту барысында қатысушы жаңылса, не ұмыттып қалса байқаудан шығарылады, ал жеңгенді келесі кезеңге өтеді.
– қазылар алқасы оқушының білімін тексеру үшін қосымша сұрақтар қойып, дауыс беру арқылы жеңімпаздарды анықтайды.

8. Марапаттау
Байқаудың аудандық (қалалық) кезеңінде 1, 2, 3 орын алған жеңімпаздар облыстық кезеңге жолдама алады. Ал жеңімпаз оқушылардың ұстаздары Қарағанды облысының Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы мен Білім басқармасының Алғыс хаттарымен марапатталады.
Жеңімпаз оқушылар ақшалай сыйақымен марапатталады (салықтық төлемдерді қоса есептегенде):
I орын – 150 000 (жүз елу мың) теңге;
II орын – 100 000 (жүз мың) теңге;
III орын – 70 000 (жетпіс мың) теңге;
Байқаудың облыстық кезеңінде жеңімпаз атанғандарға ақшалай жүлде қоры (салықтық төлемдерді қоса есептегенде) төмендегідей бекітілді:
Оқушылар үшін:
I орын (біреу) – 1 000 000 (бір миллион) теңге;
II орын (біреу) – 500 000 (бес жүз мың) теңге;
III орын (біреу) – 250 000 (екі жүз елу мың) теңге.

Ұстаздар үшін:
I орын (біреу) – 1 000 000 (бір миллион) теңге;
II орын (біреу) – 500 000 (бес жүз мың) теңге;
III орын (біреу) – 250 000 (екі жүз елу мың) теңге.
Байқау ережесіне өзгерістер енгізілсе қосымша хабарланады.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы:
Қарағанды қаласы, Ерубаев көшесі, 44.
Тел.: 8 778 283 16 01, 8 7172 24-95-45, e-mail: qazaqpos2025@mail.ru

Халықты әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлеріне Қарағанды облысы әкімінің сыйлығын беру конкурсына қатысуға өтінімдер қабылдау басталады.	енбек ардагерлері).
Халықты әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің мәртебесі мен маңыздылығын арттыру үшін конкурс жыл сайын өткізіледі.	Қарағанды облысы әкімінің сыйлығын алуға кандидатураларды ұсынуға қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері, әлеуметтік саланың облыстық ведомстволық бағынысты ұйымдары, жеке тұлғалар, сондай-ақ, қоғамдық ұйымдар жүргізеді.
Қатысуға өз қызметін Қарағанды облысының аумағында жүзеге асыратын халықты әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлері шақырылады.	Бір үміткерді екі немесе одан да көп номинация бойынша ұсыну мүмкін емес. Лауреат сыйлығын сол номинация бойынша алғаннан кейін бес жыл ішінде оны алуға қайта ұсынуға да жол берілмейді.
Қарағанды облысы әкімінің сыйлықтары көрсетілген критерийлер ескеріле отырып беріледі:	Сыйлықтар конкурстық негізде беріледі. Лауреаттарды іріктеуді арнайы комиссия жүргізеді. Сыйлыққа ұсынылған кандидатуралар екі кезеңде қаралады. Біріншісінде комиссия сыйлыққа алу конкурсына қатысу үшін кандидатураларды ірікттейді, екіншісінде – сыйлыққа беру туралы шешім қабылдайды.
1) Халықты әлеуметтік қорғау саласын дамытуға елеулі жеке үлес;	Қарағанды облысы әкімінің сыйлығына ие болған адамдарға «Қарағанды облысы әкімінің сыйлығының лауреаты» құрмет дипломы, статуетка және материалдық сыйақы беріледі.
2) Кәсіби шеберлікті ұдайы жетілдіру;	Сыйлықты алуға өтініш берушіге: файл-папкада қысқаша өмірбаяндық ақпарат, ұсынушы ұйымның ұсынымы, аса маңызды жұмыстарды көрсететін мінездеме, марапаттау дипломдары, сертификаттары мен куәліктерінің көшірмесі, сюжеттік фотосуреттер, көлемі 3x4 фотосурет, жеке куәлігінің көшірмесі, банктен 20 таңбалы шоттың болуы туралы анықтама, қатысуға өтінім беру қажет.
3) Қызметте инновациялық нысандар мен әдістерді пайдалану;	Өтініш беру үшін ізденуші Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына мына мекенжай бойынша жүгінуі қажет: Қарағанды қ., Ержанов к-сі, 47/3 үй, каб. 405, тел.анықтамалар үшін 8 (7212) 43-16-79.
4) Бейіндік білімнің болуы;	Конкурсқа материалдар электрондық пошта арқылы қабылданбайды. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы күні: 2025 жылғы 01 қазан сағат 18.00 дейін.
5) Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.	
Сыйлық келесі номинациялар бойынша беріледі:	
1. «Үздік әлеуметтік қызметкер»;	
2. «Әлеуметтік қорғау саласындағы үздік үкіметтік емес ұйым»;	
3. «Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының үздік қызметкері»;	
4. «Еңбек мобилділігі орталығының және оның филиалдарының үздік қызметкері»;	
5. «Рухы биік тұлға» (мүгедектігі бар адамдар);	
6. «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үздік қызметкері»;	
7. «Белсенді өмірді насихаттау үшін» (мүгедектігі бар адамдар);	
8. «Әлеуметтік жұмыс бойынша үздік маман»;	
9. «Жомарт жүрек» (бестейін әлеуметтік жауапкершілігі, мүгедектігі бар балалармен жұмыс істейтін ұйым / тұлға);	
10. «Мамандыққа адалдығы үшін» (халықты әлеуметтік қорғаудың	

• БОКС

Ендігі үміт – Аидада

Ливерпульде (Ұлыбритания) өтіп жатқан әлем чемпионаты күн өткен сайын қызға түсуде. Толық құрамда аттанған ұлттық құрама спортшылары сәтті өнер көрсетіп-ақ жатыр. Дегенмен, төрт бірдей спортшымыз жарыс жолынан шығып, жүлдесіз қалды. Солардың қатарында 75 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен жерлесіміз Сабыржан Аққалықов та бар. Ал, 65 келіге дейінгі салмақта қолғап түйістірген тағы бір жерлесіміз Аида Әбікеева кезекті қарсыласын жеңіп, 1/8 финалға жолдама алды. Жарыстың алтыншы күнінде 70 келіге дейінгі салмақтағы Наталья Богданова қарсыласын жеңіп, жартылай финалға өтті.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан әйелдер құрамасының сапында өнер көрсететін Аида Әбікеева жарыстың бірінші күні Венгрия елінің өкілі Лука Хаморимен жұдырықтасып, айналасын асырған болатын. Бұл жолы корейлық Кан Сок Енмен кездесіп, өзінің мықты екендігін тағы бір мәрте дәлелдеді. Жерлесіміз бұл жолы алғашқы минуттан-ақ қарсыласын соққының астына алды. Қарсыласын бұрыш жағалата қуып, қос қолымен соққыны кезек жаудырды. Ал, екінші раундта бұрымды боксшымыз кезекті қарсыласына беріп еді. Корейлық боксшы барынша соққы жасап, шабуылдады. Бірақ, Аиданың осал тұсын таба алмады. Шешуші раундта жерлесіміз кездесуге нүкте қойып, төрешілердің бірауыз шешімімен 1/4 финалға жолдама



еншіледі. Егер үшінші қарсыласын жеңсе, қола жүлде қоржынға түсті дей берсеңіз әбден болады.

Сабыржан Аққалықовтан жаттықтырушылары да, боксүйер қауым да мұндай нәтижені күтпесе керек. Жерлесіміз – 2021 жылғы жастар арасындағы әлем чемпионы. Одан бөлек, Астанада өткен Әлем кубогының жеңімпазы. Жастар арасында өткен біріншілікте тамаша өнер көрсетіп, көпшілік назарына іліккен. Осы турнирден де медальға басты үміткерлердің бірі деп, құрама қатарына үкілеп қосқан болатын. Алайда, алғашқы кездесуінен-ақ жарыс жолынан шығып қалды. Жерлесіміз бұл кездесу жайында өзінің

Instagram парақшасында:

– Бұл чемпионат мен үшін аяқталды. Мұнда жеткілікті дайындық болмады. Ал, енді бірде өзімді көрсете алмадым. Сондықтан, айтарға артық сөзім жоқ. Спорт – осы. Ешқашан ештеңе алдын ала болжанбайды. Бүгін чемпион болсам, ертең қарапайым қатысушылар қатарында қалып қоюың әбден мүмкін, – деп жазба қалдырды.

Одан бөлек, әйелдер құрамасы сапында 75 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Надежда Рябец, 54 келіге дейінгі салмақтағы Элина Базарова жарыс жолынан шығып қалды. Ал, 48 келіге дейінгі салмақтағы Назым Қызыбай, 51

• ТЕННИС

Арқа спортының абыройын асырды

3-6 қыркүйек күндері Шымкентте өткен мүмкіндігі шектеулі жандар арасындағы Қазақстан Республикасының IV чемпионатында аймақ спортшылары айрықша көзге түсті. Биылғы додаға еліміздің тоғыз өңірінен 60 қатысушы келіп, турнир тарихында жаңа рекорд орнады. Жарыс барысында спортшылар жанкештілік пен жігерліліктің нағыз үлгісін көрсетті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Жекелей сында жерлесіміз Айжан Бутимбаева алтыннан алқа тағып, қатарынан екінші мәрте Қазақстан чемпионы атанды. Әйелдер арасында тағы бір қарағандылық Айшуақ Жетпісбаева қола жүлдені қанжығалады. Ерлердің Quad санатында Евгений Быков қарсыластарына дес бермей, чемпиондық тұғырға көтерілді. Бұл жеңістері арқылы мүмкіндігі шектеулі спортшылар

дың жеңісі шектеусіз екені айғақталды.

Жұптық бәсекеде де қос қарағандылық теннисші – Айжан мен Айшуақ тағы бір мәрте жеңіс тұғырынан көрінді. Осылайша Айжан Бутимбаева үш дүркін жұптық чемпион атанып, аймақ спортының айбынын асқақтатты.

Аймақ спортшыларының осындай жарқын жеңістері өзге де жандарға жігер сыйлап, спортқа деген қызығушылығын арттырары сөзсіз.

Сурет ұйымдастырушылардан



• ХОККЕЙ

Елордалықтарға есе жіберді

Араға біраз уақыт салып, хоккей жанкүйерлерінің назары қайтадан мұз айдынына ауды. Олай дейтінім, ел чемпионатының жаңа маусымы ресми түрде шымылдығын түрлі. 2025-2026 жылғы маусымда 10 команда мұз айдынында кубок үшін барын салмақ. Қарағандылық «Сарыарқа» клубы да алғашқы кездесуін өткізіп үлгерді. Сонымен қатар, спорттық бәсекелен бөлек, маркетинг саласында да биіктен көрінді. Клуб биылғы Altyn Adam Marketing Awards 2025 ұлттық сыйлығының екі бірдей маңызды номинациясында жеңімпаз атанды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Әуелі, өткенге шолу жасасaq. Былтырғы маусымда жерлестер ел чемпионатының қола жүлдегері атанды. Былтыр – құрамда, команданың ойыны да керемет жүрді. Бірақ, шамалы сәттілік жетіспей қалғаны бар. Одан бөлек, күні кеше Қазақстан кубогіне де қатысып, ақтық кезеңге дейін жетті. Өкінішке қарай, финалда



өскемендік «Торпедодан» айналасын асыра алмады. Бұл жолы да сәттілік серік болмады-мыс.

Маусым аяқталғанда клубтың бас-

пасөз қызметі сүйіншілеген хабар таратты. Клуб еліміздің беделді ұлттық Altyn Adam Marketing Awards 2025 сыйлығының екі бірдей маңызды номинациясында

келідегі Алуа Балқыбеков, 57 келідегі Карина Ибрагимова, 60 келідегі Виктория Графеева әлем чемпионатының ширек финалына өтті. Сонымен қатар, 70 келіде Наталья Богданова, 80 келіде Гүлсая Ержан да ширек финалда. Ал, 70 келіге дейінгі салмақтағы Наталья Богданова ширек финалда түркиялық Сема Чалышканмен күш сынасқан еді. Отандасымыз алғашқы раундтан бастап басымдық танытып, төрешілердің бірауыз шешімімен жеңіске жетті. Қола жүлде – қоржында. Енді ақтық кезеңнің жолдамасы үшін күш сынаспақ.

Ерлер құрамасы сапында шаршы алаңға көтерілген Төрехан Сабырхан мен аса ауыр салмақта жұдырықтасқан Айбек Оралбай алғашқылардың бірі болып 1/4 финалдың жолдамасын жеңіп алды. 55 келі салмақта өнер көрсеткен Махмұд Сабырхан қарсыласын сұлатып, кездесуді мерзімінен бұрын аяқтады. Осылайша ол да ширек финалдың жолдамасын қоржынға салды. 60 келіге дейінгі салмақтағы Бейбарыс Жексен, 65 келідегі Ертуған Зейнуллин, 80 келіге дейінгі салмақтағы Нұрбек Оралбай да ширек финалда.

Ал, 50 келідегі Санжар Тәшкенбай жарыс жолын чемпионаттың алтыншы күнінде бастады. Әрі бірінші жекпе-жегінде Иордания өкілі Хұтайфа Эшишпен жұдырықтасып, үшінші раундта жеңісті суырып алды. Енді отандасымыз жартылай финалға шығу үшін сынға түседі. 85 келідегі Бекзат Нұрдаулетовтың бұл турнирде жолы болмады. Грузия елінің өкілі Георгий Кушиташвилимен қолғап түйістіріп, есе жіберді. Осылайша ол Ұлттық құрама сапында төртінші болып жарыс жолынан шығып қалды.

Айта кетейік, бұл мақала 9 қыркүйектегі, яғни, алтыншы күннің бағдарламасы аясында әзірленген.

Сурет olympic.kz

• ПРЕМЬЕРА

Балаларға – базарлық

С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының қуыршақ труппасы маусымашар премьерасын қойды. Маусым «Қарша қыз бен жеті ергежейлі» ертегісімен ашылды.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Премьераға келген бастауыш сынып оқушыларын театр актерлері сән-салтанатпен қарсы алды. Би билетті, ойындар ойнатты.

«Қарша қыз бен жеті ергежейлі» ертегісі – жер жүзінің балалары сүйіп оқитын ертегілердің бірі. Қанша уақыт өтсе де, тұғырынан түспейтін бірегей классика. Ертегі – әрқашан жақсылық жамандықты жеңетінін дәлелдейтін қызықты да, таңғажайыпқа толы қойылым. Басты кейіпкер – Қаршақыз. Ол ханшайымның сұлулығына қызғанышпен қараған зұлым да, іші тар кейіпкер өгей шешесі туралы оқиға. Өгей шешесі – патшайым. Қызғаныштан патшайым орманшыға Қаршақызды өлтіруге бұйрық беріп, өміріне қауіп төндірді. Алайда, күтпеген жерден Қаршақыз жеті ергежейлімен танысып, олардың үйінде өмір сүреді, жанын сақтайды.

Ертегінің негізгі идеясы – зұлым күштер не істесе де, жақсылық түптің-түбінде жеңіске жететіндігінде. Ертегі өзгелердің жетістігіне қызғанышпен қарамауға, мейірімді әрі жанашыр болуға үндейді.

Қуыршақ труппасының менгерушісі Динара Аманова мұндай қойылымдар баланың адал адам болып қалыптасуына зор ықпалын тигізетінін айтты.

– Бұл – Антон Зайцевтің режиссерлігімен сахнаға шыққан әйгілі ертегі. Хореографы – Камила Каусова. Қарағандылық балалар үшін бұл айтулы спектакль деп сеніммен айта аламын. Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Адамды жер жүзіндегі жамандық атаулыдан жиренуге үндейді. Қызғаншақтық, сараңдық ешкімді де жақсылыққа апармайды. Осы спектакльден балалар ертегінің айтар ойын ұқса екен дейміз, – деді Динара Аманова.

«Қарша қыз бен жеті ергежейлі» спектаклі әлемдік сахналарда қойылып жүрген классика. Тіпті, бірнеше анимациялық нұсқасы да бар. Фильм де түсірілген. Рөлдерді сомадаған актерлер ізденіс барысында анимациялық туындылар мен фильмдерді көріп шыққанын айтты.

Қуыршақ труппасы апта бойы балаларға арналған ертегілерді сахналайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген				«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 512 №99 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Adparat» ЖШС		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерханат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА		Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ							
Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ									
Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА									